**Социалистік Қазақстан 1955 ж.**

1. Мектеп оқушыларының бастамасы (Инициатива школьников), 1 апреля



# СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің газеті

№ 77 (9659) | ЖҰМА, 1 АПРЕЛЬ 1955 жыл. | Бағасы 20 тыйын. Шыға бастағанына 34 жыл



## Мектеп оқушыларының бастамасы

Жамбыл ауданының (Жамбыл облысы) Гродиков орта мектебінің жоғары класс оқушылары облыстың мектеп оқушыларына арнап үндеу жазды. Бұл мектепте жүгері өсіретін бес звено құрылған. Оларға таңдаулы мичуриншілер — Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне екінші рет кандидаттар болып ұсынылып отырған комсомолецтер басшылық етеді. Сталин атындағы колхоз бұл мектепке Талас алқабынан 15 гектар суармалы жер бөліп берді. Балалар мұнда бірнеше собық беретін жүгеріні шаршы-ұялы әдіспен егетін болады, оның тұқымын мектеп жанындағы тәжрибе участогінде өздері өсірген. Жас натуралистер егіс даласына органикалық тыңайтқыштар тасып жеткізуге кірісті

Гродиковтықтардың шақыруын ауданның мектеп оқушылары түгелдей қостап, қарсы алды. Қазірдің өзінде жастардан 23 звено құрылды. Жоғары кластағылар колхозшылардың жүгерінің жергілікті сорты тұқымын дайындап алуына көмектесуде, жүгері өсірудің агротехникасын үйренуде.

Гродиков мектебі оқушыларының инициативасын Жамбыл облыстық комсомол комитеті мақұлдады. Олардың үндеуіне жауап ретінде орта мектептердің 300 оқушысы жүгері өсіруге атсалысып, жорыққа аттанады. Колхоздар жастар звеноларына 1.000 гектардан астам суармалы жерлер бекітіп берді.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Алматы қаласы, Сталин проспекті, 75. Телефон...
Бөлімдер: партия тұрмысы — 62-47, совет құрылысы — 59-84, баспасөзге шолу — 6...
...шетхабар — 63-43, әдебиет ...
УГ04170

3. Орыс тілі оқуынан байқау (Конкурс русского языка), 6 апреля
4. Кітап оқушылардың конференциясы (Конференция учащихся-книговедов), 6 апреля

Қазақстанның Коммунистік партиясы

СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің газеті

№ 81 (9663) | СӘРСЕНБІ, 6 АПРЕЛЬ 1955 жыл. | Бағасы 20 тиын. Шыға бастағанына 34 жыл

## Орыс тілі оқуынан байқау

Сексеуіл темір жол станциясындағы № 48 қазақ орта мектебінде орыс тілі жүйелі оқытылады. Бұрын орыс тілін білмейтін қазақ балалары кәзір біркелкі тәуір жаза, сөйлей білу дәрежесіне көтерілуде. Жақында мектепте орыс тілінің оқуынан байқау болып өтті. Оған 8—9—10-шы класс оқушылары қатысып, А. С. Пушкиннің, М. Ю. Лермонтовтың, М. Е. Салтыков-Щедриннің, Л. Н. Толстойдың, совет жазушылары А. М. Горькийдің, В. В. Маяковскийдің, А. А. Фадеевтің, М. А. Шолоховтың, Янка Купаланың, Сүлейман Стальскийдің, Галактион Табидзенің шығармаларын шебер оқудан өнер салыстырды.

Байқауда 10-шы класс оқушысы Жүсіпов, 9-шы класс оқушысы Сүлейменов, 8-ші класс оқушысы Төлешов озып шығып, мектеп дирекциясының құрмет грамотасын алды.

Ә. ЫҚЫЛАСОВ,

## Кітап оқушылардың конференциясы

Алматы қалалық партия комитетінің кітапханасында бірінші орыс революциясына арналған кітап оқушылар конференциясы болып өтті.

Конференцияда Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының оқытушысы филология ғылымының кандидаты Ландау «Горький творчествосында 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы тақырыбы» деген баяндама жасады. Кітап оқушылар Касьяненко, Корсакова, Самойлова, Маркелов жолдастардың ұлы жазушының жеке шығармалары туралы сөйлеген сөздерін жыйналғандар ынтамен тыңдады.

5. Малдың өнімділігін арттыра береміз
(Продолжим повышать продуктивность животноводства), 13 апреля



Обл. библиотека им. ГОГОЛЯ ПЕРИОДИКА

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстанның Коммунистік партиясы

СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің газеті

№ 87 (9669) | СӘРСЕНБІ, 13 АПРЕЛЬ 1955 жыл. | Бағасы 20 тиын | Шыға бастағанына 34 жыл



13 АПРЕЛЬ 1955 жыл.

# Малдың өнімділігін арттыра береміз

*„III интернационал" колхозы қой фермасының меңгерушісі, Социалистік Еңбек Ері, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Ы. Нұрпеисовпен әңгіме*

Біздің «III интернационал» ауылшаруашылық артелі негізінен мал өсірумен айналысады. Колхозда он бір мыңдай қой, үш мыңнан аса сиыр, бір жарым мың жылқы, екі жүз елу түйе бар. Артель табысының басым көпшілігі де шаруашылықтың осы саласынан алынады.

Сондай-ақ колхозымызда егіншілік мәдениетін көтере берудің де зор мүмкіншіліктері бар. Бірақ талай жылдар бойы егін шаруашылығындағы бай резервтер жөнді пайдаланылмай келген еді. Тек былтырдан бері бұл салаға баса назар аударыла бастады. Өткен жылдың өзінде ғана колхоз ондаған гектар тың және тыңайған жер игеріп, ауылшаруашылық айналымына қосты. Алдағы уақытта да тыңға шабуыл жүргізіле бермек.

СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қарарларында атап көрсетілгендей, астық проблемасын шешіп алмай тұрып, мал шаруашылығын мықтап өркендетуге, оның өнімділігін арттыруға болмайтыны белгілі. Сондықтан да біздің колхоздың мүшелері астық өндіруді ұлғайтуға ерекше көңіл бөліп отыр. Январь Пленумының қарарларына сәйкес перспективалық жоспар жасағанда бұл жағы баса ескерілді.

Мен колхоздағы № 1 қой фермасын басқарамын. Фермада бес жарым мыңнан аса мал бар. Оның екі жарым мыңдайы саулық. Былтыр мал қыстатуда едәуір қыйыншылықтарға кездескен едік. Себебі, біріншіден, қыс ерте түсіп, жай шықты, екіншіден, жемшөп аз дайындалып, тек төл малынан артылмаған-ды. Осыдан барып артельдің бірсыпыра малы шығынға ұшырады.

Өткен жылдың ащы тәжрибесінен сабақ ала отырып, қыс маусымына жан-жақты әзірлендік. Торғай машина-трактор станциясы механизаторларының көмегімен шөпті жеткілікті мөлшерде дайындап, дер кезінде мал қыстатылатын жерлерге тасып алдық. Мұның өзі қыстан қысылмай шығуымызға қолайлы жағдай жасап отыр. Маусым басталғалы мал шығыны болған жоқ. Жемшөп жеткілікті.

Әдетте күн жылынып, қар ери бастасаақ қалған шөпті бей-берекет жұмсап, малға таптатып қоятынымыз болады. Осының өзі үлкен зиян екенін айқын көріп отырмыз. Жемшөпті малға әруақытта да бірқалыпты, өлшеммен беру қажет. Бірде жақсы, бірде нашар азықтанған мал тез қоңын жойып алады. Бұл тәртіпті қатаң сақтаудың көктемде, яғни жіңішкенің үзіліп, жуанның созылатын уағында өте-мөте зор маңызы бар.

Біздің ферманың малшылары, әсресе, пішенді үнемдеп беруге көбірек көңіл бөледі. Мал семіз болса, оның төлі де шырақ, жақсы болатыны белгілі. Мұны әруақытта қатаң ескеріп отырамыз.

Бұл күндері шопандар мал шаруашылығын өркендетудегі ең бір жауапты кезең—төл алу науқанына қызу әзірленуде. Қажетті төл қоралары тегіс жөнделіп, әзірленіп қойылды. Колхоз басқармасы мен бастауыш партия ұйымы әрбір отарға 4—5-тен сақпаншы бөлді. Олардың бәрі де жұмысқа әзір. Енді аз күннен соң қойлар жаппай төлдей бастайды.

Қалмағанбет Ержанов, Әуезқан Әбеуов, Кенжалы Баймағамбетов сияқты таңдаулы шопандар өз отарларындағы қойларды тегіс шығынсыз, күйлі өсіруде.

Колхозда қой шаруашылығын өркендетуге байланысты кейбір көкейтесті мәселелерді де айта кету керек. Ең алдымен, бізде мал тұқымын асылдандыру жайы қанағаттанғысыз. Кәзіргі қолда бар қойлардың бәрі дерлік қылшық жүнді қазақы қойлар. Бұлардан жүн аз алынатынын көріп келеміз. Рас, өткен жылы колхоз жетпістен аса биязы жүнді қошқар сатып алды. Оның 31-і мен басқаратын фермаға берілді, сөйтіп біз бес жүзден аса саулықты қолдан ұрықтандырдық.

Партияның Орталық Комитеті январь Пленумының қарарларын жүзеге асыру мақсатымен бірсыпыра шаралар белгіленді. Жоспар бойынша тек 1955 жылдың өзінде ғана колхоздағы барлық қойдың 70 проценті биязы жүнді қошқарлармен ұрықтандырылады. Сонда 1960 жылға дейін барлық қой тегіс биязы жүнді болмақ.

Тағы да бір айта кететін жай бар. Ол мынадай: колхозда он бір мыңға тарта қой бар дедік. Бұл былайша айтқанда жыйырма екі отарға бөлінген. Олардың әрқайсысында бір бақташы шопан, бір күзетші, бір шөпшіден болғанда алпыстан аса колхозшы тек қой өсірумен айналысады. Егер осыларды жас жағынан алсақ бәрі де қартаң тартқан егде адамдар. Колхоздың басқа фермаларындағы жағдай да дәл осындай. Мұның өзі үлкен бір жүйелі мәселе деп білеміз. Сондықтан алдағы уақытта мал фермаларын жастармен толықтыру, нығайту жағына көп көңіл бөлінсе дейміз. Колхоз басқармасы мен партия ұйымы фермаларды жастармен нығайту ісіне тікелей басшылық етулері керек.

Біздің ферманың қызметкерлері кәзір СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қарарларына іспен жауап беру үшін күресуде. Олар елімізде мал шаруашылығы өнімдерінің неғұрлым мол болуы халықтың тұтыну заттары жөніндегі қажеттерін өтеуде қаншалықты зор маңызы бар екенін жақсы түсінеді. Сондықтан да ферма малшылары өздерінің барлық күш-жігерлерін қоғамдық мал шаруашылығын өркендету, оның өнімділігін арттыру күресіне жұмылдырады.

Қостанай облысы,
Торғай ауданы.

6. Озат малшылар (Лучшие чабаны), 13 апреля



Обл. библиотека им. Гоголя периодика

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!
Қазақстанның Коммунистік партиясы

СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің газеті

№ 87 (9669) | СӘРСЕНБІ, 13 АПРЕЛЬ 1955 жыл. | Бағасы 20 тыйын. Шыға бастағанына 34 жыл

М. С. Киселев жолдас...



## Озат малшылар

* Аңғышбаев Қойлыбай Күршім ауданының (Шығыс Қазақстан облысы) Ворошилов атындағы колхозында көп жылдан бері мал бағып келеді. Ол аудандағы озат малшылардың бірі. Қажырлы еңбегі үшін ол Социалистік Еңбек Ері атанды. Быйыл шопан бағуындағы саулықтардың әр жүзінен 125 қозыдан алуға міндеттеніп отыр. Қазір оның бағуындағы қойдың бәрі күйлі.

* Сырдария ауданындағы (Қызылорда облысы) «1 Май» колхозының шопаны Айша Меңдібаева өзінің қажырлы еңбегімен құрметке бөленуде. Ол өткен жылы бағуындағы 536 саулықтың әр жүзінен 125 қозыдан өсірді. Бұл үшін оған қосымша ақыға 46 тоқты, 900 сомдай ақша берілді.

* Қостанай облысы, Обаған ауданының Амангелді Иманов атындағы колхозының малшылары СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысын зор ықыласпен қарсы алды. Сөйгіп олар өздеріне жаңа көтеріңкі міндеттемелер қабылдады. Соның бірі—озат сауыншы М. Татарская жолдас. Ол өткен жылы сүт сауу жөнінде өзіне берілген тапсырманы 125 процент орындады. Қарапайым сауыншы халық құрметіне ие болды. Колхозшылар оны быйыл ауылдық Советке депутат етіп сайлады.

* Шеруенов Нұралы Молотов атындағы колхоз (Гурьев облысы, Новобогат ауданы) малшыларының ішіндегі ең жасы болып саналады. Солай бола тұрса да, ол аға малшылардың тәжрибесін үйрену, қажырлы еңбек ету арқасында колхоздағы озат малшылардың қатарына қосылды. Комсомолец шопан Нұралы сонымен бірге белсенді үгітші де. Шеруенов жолдас аудандық және облыстық комсомол конференцияларына бірнеше рет делегат болып қатысты, мақтау грамоталарын алды.

7. Жас мамандардың жаңа тобы (Новая группа молодых специалистов), 13 апреля

Обл. библиотека им. Гоголя ПЕРИОДИКА

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстанның Коммунистік партиясы

СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің газеті

№ 87 (9669) | СӘРСЕНБІ, 13 АПРЕЛЬ 1955 жыл. | Бағасы 20 тиын. Шыға бастағанына 34 жыл



Өскеменнің кооператив техникумын бітіргендердің көпшілігі жаңа жерлерде ұйымдастырылған совхоздардың магазиндері мен асханаларында жұмыс істеп жүр. Облыстық комсомол комитетінің жолдамасымен Шығыс Қазақстан облысы, «Передовой» астық совхозына техникумды бітірушілер Л. Степанович пен Т. Щербинина жұмысқа келді.

**Суретте: Л. Степанович пен Т. Щербинина совхоз жұмысшыларына түскі тамақ әзірлеп тұр.**

Суретті түсірген Г. Емельянов (ҚазТАГ).

## Жас мамандардың жаңа тобы

Жоғары оқу орындарында оқу жылы аяқталып келеді. Университет пен институттар факультеттерінің бірқатар курстарында студенттерді курстан курсқа көшірудің, енді бірсыпыраларында оқу орнын бітіртудің шешуші шаралары жүргізіліп жатыр.

Жақында Алматының зоотехникалық-малдәрігерлік институтының зоотехникалық факультетін 139 студент бітіріп шығып, қолдарына ғалым-зоотехник деген диплом алды. Бұл — факультеттің 22-ші бітірушілері. Бітірушілердің ішінде 15 адамға институт қабырғасында тәрбиеленіп, білім алған жылдарының ішінде әр-түрлі қоғам жұмыстарына белсене қатысқаны, сабақты үздік оқығаны және мемлекеттік емтиханды табысты тапсырып, диплом жұмысын жан-жақты зерттеп жазғаны үшін айрықша диплом берілді. Оның жартысы қазақ жастары. Бүкілодақтық ауыл-шаруашылық көрмесінің материалдары негізінде В. Соколовтың «Бүкілодақтық ауыл-шаруашылық көрмесіндегі Қазақстанның жылқы шаруашылығы (1954 жыл), А. Гостевтің «Ауыл шаруашылығындағы озат тәжрибе мектебі» тақырыптарында жазған диплом жұмыстарын мемлекеттік емтихан комиссиясы жоғары бағалады.

С. Өмірбаевтың «Қызылқұм өсімдіктерінің химиялық құрамы», Шапошникованың «Азықтандыру мен күту жағдайларына байланысты биязы және биязылау жүнді қойлардың жүн өнімділігі» деген тақырыптарда жазған диплом жұмыстары да назар аударарлық. Басқа да диплом жұмыстары егіншілік пен мал шаруашылығының келелі мәселелеріне, жеке колхоздардың ішкі мүмкіншіліктері мен резервтеріне, экономикалық жағдайларына байланысты құрылған.

Институт бітірушілердің ішінен 99 адам Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің, қалғандары Совхоздар министрлігінің жолдамасымен республикамыздың колхоздары мен МТС-теріне, тың және тыңайған жерлер игеріліп жатқан Қостанай, Көкшетау облыстарына жүріп кетті.

Н. ШАКЕЕВ.

8. Пионерлер мен мектеп оқушыларының газеті (Газета пионеров и школьников), 16 апреля



Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстанның Коммунистік партиясы

# СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің газеті

№ 90 (9672) | СЕНБІ, 16 АПРЕЛЬ 1955 жыл. | Бағасы 20 тиын. Шыға бастағанына 34 жыл

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:


ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганиннің Австрия Үкмет Делегациясының құрметіне конақасы беруі (1 бет).
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указдары (1 бет).
Партия мен үкметтің шақыруы бойынша колхоз жұмысына барайық (1 бет).
Австрия Үкмет Делегациясының Москвада болуы жайында Совет-Австрия мазмұндамасы (1 бет).
Қазақстан астанасы интеллигенциясының жиналысы (1 бет).
Ауыл шаруашылығын өркендету ісіне белсене қатысайық. Қазақстан Кәсіподақтары Советінің IV пленумы (2 бет).
Республика еңбекшілері Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Үндеуіне белсенділікпен қол қоюда (2 бет).
Г. И. Петровский. — Біздің данышпан көсеміміз (2 бет).
К. Тоқаев. — Пионерлер мен мектеп оқушыларының газеті (3 бет).
МТС-тердің колхоз өндірісіндегі ролін арттыра берейік. А. Понятаев. — Колхоз өндірісінің негізгі күші. Л. Леменовская. — Жемшөп қорының резервтері. П. Скоробогатов. — Агротехникалық шараларды кең қолданамыз (3 бет).
Халықтық демократия елдері В. И. Лениннің туғанына 85 жыл толуын атап өтуде (4 бет).
В. В. Маяковскийді еске түсіру (4 бет).
Чжоу Энь-лайдың Рангунға келуі (4 бет).
ГДР еңбекшілері империалистік агенттердің әшкереленгені туралы ГДР Министрлер Советінің мәлімдемесін мақұлдауда (4 бет).


## Австрия Үкмет Делегациясының Москвада болуы жайында

Л. И. Субботина жолдасты Ленин орденімен наградтау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы



...

Осы мақалада оқушылардың тілегін қанағаттандыра алмай отырған жазушы, драматург, композиторлармен ортақ кемшілігімізді айтқымыз келеді. Соңғы жылдары мектеп сахнасына лайықты пьесалар, балалар жаттап алып айтатын көңілді әндер жоқ. Шынын айту керек, поляктық достар қазақ балаларының сүйіп оқыйтын қазақ авторларының жазған әңгімелері мен әндерін сұратқанда біз қатты ұятты болдық.

Балалар газетінің жарияланған материалдарының мазмұнын тереңдете, байыта түсуде оның көркем, тартымды шығуы өте қажет. Бұл ретте полиграфиялық шеберлік пен техникалық мүмкіншіліктер үлкен роль атқарады. Амал не, басқа туысқан республикалардың балалар газетіне жасалып отырған техникалық жағдай біздің республикамызда әлі ойластырылған жоқ. Қазақ ССР Мәдениет Министрлігінің Баспалар басқармасының оралымсыздығынан «Қазақстан пионері» ширек ғасырдан бері бір-ақ түсті бояумен шығып келеді. Қазақстан балаларының газетін әр түсті бояумен көрікті шығару аңсай күтіп отырған игілікті ісіміз, бұл — жас буындар алдында өтелуге тиісті борыш.

«Қазақстан пионері» газеті өткен жылдардың қуаныштары мен кемшіліктерін ескере, үйрене отырып, мектеп оқушылары мен пионерлердің айнымас досы, ақылшысы бола береді. Ол жас ұрпақтарды коммунистік рухта тәрбиелеуде партияға, комсомолға көмек көрсетеді.

К. ТОҚАЕВ.
«Қазақстан пионері» газетінің редакторы.

9. Колхоздың ауылшаруашылық мәдениет үйі (Дом культуры в колхозе), 19 апреля

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!
Қазақстанның Коммунистік партиясы
СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН
Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің газеті
№ 92 (9674) | СЕЙСЕНБІ, 19 АПРЕЛЬ 1955 жыл. | Бағасы 20 тиын. Шыға бастағанына 34 жыл

# Колхоздың ауылшаруашылық мәдениет үйі

Мартөк ауданының (Ақтөбе облысы) алдыңғы қатарлы колхоздарында ауылшаруашылық мәдениет үйлері ғылым жетістігін және озат тәжрибені насихаттаудың шын мәнісіндегі орталығына айналып отыр. Маленков атындағы ауылшаруашылық артелінде бұдан 15 жыл бұрын ұйымдастырылған хата-лаборатория озат тәжрибені қорыту және ауыл шаруашылығын советтік агробиология ғылымы негізінде өркендетуде колхозшыларға айтарлықтай көмек көрсетті. Осы аудандағы «Победа» колхозында ауылшаруашылық мәдениет үйінің жұмыс істей бастағанына 8 жылдан астам уақыт өтті. Оның тәжрибесі кәзір көңіл аударарлықтай. Ауылшаруашылық мәдениет үйін колхоз өндірісінің практигі, мичуринші Андрей Михайлович Заварытько жолдас басқарады. Егіншілік мәдениетін арттыра беру ісіне ол елеулі үлес қосып келеді.

Ауылшаруашылық мәдениет үйінің тәжрибе участогінде дақылдардың барлық түрлері сыналуда. А. Заваритько жолдас көп жылдық тәжрибеге сүйене отырып, колхозда картоп тұқымын яровизациялап отырғызуды ұйымдастырды. Сонымен бірге дәнді, жеміс, майлы және техникалық дақылдарды да өсіріп, олардың биологиялық өзгешеліктеріне зерттеу жүргізді. Мұнда озат тәжрибені практикада қолдануға колхозшылар зор ынтамен қатысады. Колхоз активтері С. Логвиенко, Е. Тростянская, Е. Лускань, А. Осипенко және басқалары Андрей Заваритько жолдастың басшылығымен ауылшаруашылық дақылдарын өсірудің агротехникасын үйренді, дақылдардың бірнеше түрлерінен мол өнім алудың шеберлері болып алды. Кәзір бұл жолдастар колхоздың өндіріс бригадаларын, звеноларды басқарады.

Колхоз мичуриншілері жеміс бауларын өсіру, онан мол өнім алу жолдарын көп жыл бойы зерттеп келеді. Бұдан бес жыл бұрын отырғызылған үш гектар малина, бір гектар алша, 250 түп алма ағашы кәзір колхоз шаруашылығының табысты саласына айналады. Жыл сайын артельге, тек бау шаруашылығынан 100 мың сомнан табыс түседі.

Мәдениет үйінде дәнді дақылдардан басқа 40-тан астам өсімдік түрлері зерттелуде. Мысалы, жүзімнің, өріктің, жаңғақтың, тағы басқа жеміс дақылдарының бірнеше сорттары өсіріледі. Колхоздың бау-бақша бригадасының участоктерінде бұршақ, рыжик, кендір, зығыр, жоңышқа, чумиза, могар, көп жылдық қарабидай, күріш, мақсары және басқа дақылдардың түрлері егіліп, олардың тұқым қорлары жасалуда. Ауылшаруашылық үйінің көмегімен күздік бидай 1951 жылдан бері тәжрибе ретінде егілуде. Өнімді мол беретін бұл бидайдың тұқым қоры жасалып, 1954 жылы ол дақылдың егіс көлемі 300 гектарға жеткізілді. Ауа райының қуаңшылық жағдайында бұл дақылдың гектарынан 18 центнерден өнім алынды. Қарбыздың 15 сорты, асқабақтың және қауынның 12 сорты өсіріліп байқалды. 1954 жылы қарбыздың «мелитопольский» сортының гектарынан 160 центнер, ал асқабақтың «серовольжская» сортынан 180 центнерден өнім жыйналды.

Заваритько жолдастың инициативасымен өсірілген лимонның әрбір түбінен 100—150 дана жеміс алынды. Сол сыяқты, апельсин, анар ағашы және жемістің басқа түрлерінен де өнім мол жыйналуда. Быйыл колхозда жеміс ағаштарының егіс көлемін едәуір ұлғайту белгіленіп отыр.

Соңғы жылдары картоп, овощь бригадасы шірінді-топырақ құмыраларында көшет өсіруге көше бастады. 1954 жылы овощь дақылдарының көшеттері осындай құмыраларда өсіріліп отырғызылды, оның өнімі әдеттегіден анағұрлым артық болды.

Мәдениет үйінің тәжрибесіне тек облыс жұртшылығы ғана емес, еліміздің басқа облыстарының егіншілері де көңіл бөлуде. Оның адресіне Хабаровтен, Владивостоктан, Ялтадан, Одессадан, Туменьнен және басқа қалалардан көптеген хаттар келіп жатады. Олардың авторлары колхозшылар, агрономдар, ғылми қызметкерлер. Өздерінің хаттарында олар ауылшаруашылық дақылдарының тұқымын зерттеудегі мәдениет үйінің тәжрибелерін баяндауды өтінеді.

Быйыл көктемде «Победа» колхозы 300 гектар жерге жүгері егеді. Оның тұқымы жеткілікті әзірленіп қойылды. Арнаулы бригада, звенолар құрылды. 100 гектар жерге жүгерінің ауылшаруашылық мәдениет үйінің тәжрибе участогінде өсіріліп, сыналған тұқымы егіледі. Колхозшылар кәзір дақылды шаршы-ұялап егу әдісін үйренуде. Сол сыяқты картоп және басқа өсімдіктердің тұқымы да іріктеліп қойылған.

— Ауылшаруашылық өндірісіндегі жаңалықтарды, озат тәжрибені,—дейді Андрей Михайлович Заваритько, — қорыту мәселесі көп жағдайда бізде кеңінен қолданылмайды, өте шағын участоктерден мол өнім алынғанына қанағаттанушылық, соны дәріптеушілік өріс алады да, ал барлық участоктен және әрбір дақылдың түрінен мол өнім алу үшін күрес шын мәнісінде ұйымдастырылмайды. Мұның өзі колхоз экономикасын шұғыл өркендетуге, ауылшаруашылық өнімдерінің молшылығын жасауға белгілі дәрежеде кедергі келтіреді.

Заваритько жолдастың бұл пікірі дұрыс. Мәдениет үйінің колхоз шаруашылығын жан-жақты өркендетіп, мол табысты етуде осындай елеулі пайдасы бар екенін біле тұра Мартөк ауданының партия, совет ұйымдары, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы оның тәжрибесін кеңінен насихаттау, сөйтіп басқа колхоздар мен совхоздар да ауылшаруашылық мәдениет үйлерін ұйымдастыру мәселесін шешуге тиісті назар аудармай келеді.

Ауылшаруашылық мәдениет үйі колхозшыларды мичуриндік агробиологиялық ғылымның және озаттардың қол жеткен прогресті тәсілдерімен қаруландыруда зор роль атқарады. Сондықтан мәдениет үйлерінің жұмысына баса назар аудару қажет.

Н. НҰРПЕИСОВ.

10. Мал шаруашылығындағы жастар (Животноводческая молодежь), 24 апреля


# СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің газеті

№ 97 (9679) | ЖЕКСЕНБІ, 24 АПРЕЛЬ 1955 жыл. | Бағасы 20 тыйын. Шыға бастағанына 34 жыл


## Мал шаруашылығындағы жастар

Павлодар облысында Куйбышев ауданының комсомолецтері мен жастары СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысын жүзеге асыру үшін өзінің жұмысын біраз жақсартты. Ауданда әрбір үшінші комсомолец мал шаруашылығында істейді.

Аудандық комсомол комитеті январь Пленумының қаулысын жүзеге асыру жөнінде нақтылы шаралар белгіледі. Біз тағы да 111 комсомол мүшелері мен жастарды мал шаруашылығына жібердік. Қазір бастауыш комсомол ұйымдары мал фермаларына таңдаулы комсомолецтерді жіберуде. Мысалы, Екібастұз совхозының комсомол комитеті мал шаруашылығына 16 комсомолец жіберді. Бұл күндері олар қажырлы еңбек етуде. «Новый свет» колхозының комсомол ұйымындағы 26 комсомолецтің 18-і мал шаруашылығында істейді. Жуырда комсомол комитеті тағы да 4 комсомол мүшесін мал фермасына жіберді.

Көптеген комсомолецтер мен комсомолкалар мал шаруашылығын өркендетуде — сүт сауада, мал күтімін жақсартуда өнегелі іс істеп жүр. Аудан бойынша құрылған 17 жастар фермасы мен гурттар аудандық комсомол комитетінің көшпелі Қызыл туын алу үшін жарысуда. Жуырда аудандық комсомол комитетінің инициативасы бойынша өткізілген жас малшылардың слетінде аудандық комсомол комитетінің көшпелі Қызыл туын Екібастұз совхозының комсомолец Молдахметов бастаған жастар гурты алды. Бұл гурт мал ...сіру, сүт сауу, малды күту жұмыстарын...а басқалардан озық болды. Алдыңғы ...атарлы жас сауыншыға арналған көш...елі жалау Куйбышев атындағы колхоз...ың сауыншысы Ангальд Пия Адомовнаға ...абыс етілді. Жас сауыншы өткен жылы ...бір сыйырдан 2000 литр сүт сауды жә... 14 сыйырдан 14 бұзау өсірді. Осы кол...здағы сауыншылар Вахтель, Красноносова, Безуглая жолдастар да сүт сауудағы ...ғары көрсеткіштері үшін ҚЛКЖО Орталық Комитетінің мақтау грамотасымен наградталды.

Озат сауыншы Ангальд слетте сөйлеген сөзінде биыл әрбір сыйырдан сауылатын сүтті орта есеппен 3 мың литрге жеткіземін деп міндеттеме алды. Жас сауыншының бұл сертін орындайтынына күмән жоқ. Ал осы Ангальд жолдас жұмыс істейтін ферма биыл Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысуға кандидат болып ұсынылды.

Аудандық комсомол комитеті Чкалов атындағы совхоздың жас шопаны Ақжігітовке де көшпелі жалау берді. Ол қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде бірнеше жыл бойы көрнекті табысқа жетіп келе жатқан малшы. Жас шопан үстіміздегі жылы әрбір жүз саулықтан 140 қозы өсіріп, әр қойдан 3,5 килограмнан жүн қырқуға міндеттенді. Слетте мал шаруашылығының озаттары — 35 комсомолец пен комсомолка аудандық комсомол комитетінің мақтау қағазымен наградталды.

Мал шаруашылығында істейтін озат жастар аудандық слетте барлық малшы жастарды шаруашылықты өркендетуге, одан мол өнім алуға, жемшөп базасын молайтуға, биыл сыйырдан 1800 литр сүт саууға, әр қойдан 3 килограмм жүн алуға шақырды.

СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысында астық өндірісін ұлғайтудың аса маңызды резерві — жүгері егісінің көлемін барынша арттыруға ерекше көңіл бөлінген. Колхоздар мен совхоздарда жүгері егетін комсомолец-жастар звенолары құрылуда. Екібастұз, Чкалов атындағы совхоздарда, Куйбышев атындағы, Коминтерн атындағы колхоздарда осындай звенолар ұйымдастырылды. Жастар звенолары қазір жүгері дақылын күтудің агротехникалық ережелерін үйрене отырып, қажетті тыңайтқыш, тұқымды дайындау, тазалау және оны егу кондициясына жеткізу жұмыстарымен шұғылдануда.

Жұмысымызда елеулі кемшіліктер де бар. Кейбір колхоз, совхоз комсомол ұйымдары бұқаралық-саяси және мәдени-ағарту жұмыстарын бүгінгі күннің талабына сай жүргізе алмай отыр. Колхоздарда жастар үшін лекциялар, баяндамалар айлап оқылмайды. Лекторды тек жоғарыдан күту, қолда бар күшті ұйымдастырмау сияқты теріс әдет те бар. Харьков МТС-і аймағындағы колхоздардың комсомол ұйымдары осы күнге дейін СОКП Орталық Комитеті январь Пленумы қаулысына сәйкестендіре бірде-бір лекция оқыған жоқ. Харьков МТС-інің бас зоотехнигі Башлиев жолдас, өзі ҚЛКЖО аудандық комитетінің лекторы бола отырып, лекция оқуды ойына да алмаған.

Үгіт-бұқаралық жұмысы, әсресе, мал шаруашылығында істейтін жастар арасында нашар. Ленин атындағы колхоздың бастауыш комсомол ұйымында (секретары Әлібаев жолдас) 18 комсомолец бар. Бұл, әрине, үлкен күш. Бірақ осыған қарамастан мұнда комсомолецтердің саяси оқуы да жөнді емес, көркем өнерпаздар үйірмесі ұйымдастырылмаған. Саяси тақырыптарға лекциялар мен баяндамалар оқылмайды. Мұның бәрі жұмысқа кері әсерін тигізуде. Оған мысал ретінде мал шаруашылығында істеп жүрген комсомолецтердің бірде-біреуінің озаттар қатарынан орын ала алмауын айтсақ та жеткілікті.

Кейбір отар участоктеріне газет, журналдар дер кезінде жеткізіліп тұрмайды. Сондықтан да малшылар елімізде болып жатқан саналуан жаңалықтардан тыс қалады. Мұндай жағдайға бұдан әрі төзуге ешбір болмайды. Аудан комсомол ұйымдары бастауыш партия ұйымдарының күнделікті басшылығына сүйене отырып, жұмыстағы кемшіліктерді іс үстінде жою арқылы жаңа табыстарға жете береді. Сөйтіп СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысын жүзеге асыруды өзінің ең басты міндеті деп есептейді.


М. ЖАРМАКИН,

Куйбышев аудандық комсомол комитетінің секретары.

12. Озат колхозда (В лучшем колхозе), 26 апреля

СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің газеті

№ 98 (9680) | СЕЙСЕНБІ, 26 АПРЕЛЬ 1955 жыл. | Бағасы 20 тиын. Шыға бастағанына 34 жыл

# Озат колхозда

Арал ауданының Карл Маркс атындағы колхозының шаруашылығы мен мәдениеті соңғы жылдары едәуір өсті. Өткен жылы колхоздың табысы екі миллион сомнан асты. Колхоз дәулеті артқан сайын колхозшылардың тұрмысы да жақсара түсуде. Колхозшылардың еңбеккүндеріне 4 сом 70 тиыннан ақша, астық, жүн, ет, сүт берілді. Шопан Жәлекеев, бақташы Алмағамбетов, түйеші Шанжеев жолдастар 9—10 мың сомнан ақша және мал шаруашылығы өнімдерін алды.

Колхозда мәдениет үйі бар. Ол халықтың өскелең талабына сай жұмыс істеп келеді. Мәдениет үйі жақсы жабдықталған. Оның ішіне кірсең шыққысыз. Қабырғаларға ұрандар мен плакаттар, партия мен үкмет басшыларының суреттері ілінген. Әсресе, колхоздың өсу жолын баяндайтын диаграммалар айрықша назар аударады. Мәдениет үйі жанында көркем өнерпаздар үйірмесі жұмыс істейді.

Колхоз мүшелері өздерінің білімін арттыруға, ғылымның жетістіктерімен танысуға айрықша көңіл бөледі. 35 адам зоотехникалық курста оқыйды. Олардың оқуына барлық жағдай жасалған.

Колхозда құрылыс жұмысына көп қаржы жұмсалуда. Жаңадан электр станциясы салынды. Ауылдық Совет пен колхоз басқармасы кеңселеріне, қонақ үйге, колхозшылардың үйлеріне электр сымы тартылып, жарық берілді. Сыйыр фермасындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстар механикаландырылуда.

Мұнда жетіжылдық мектеп бар. Колхозшылар өз балаларының тыянақты білім алуына көп көңіл бөлуде. Малшылардың балаларына арнап интернат салынды. Онда 50 бала жатады. Үстіміздегі жылы жаңа мектеп үйі салынады.

А. НҰРМАҚАНОВ.

13. Мектептерде партия басшылығын жақсарта түсеміз (Улучшим партийное руководство в школах), 29 апреля



СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің газеті

№ 101 (9683) | ЖҰМА, 29 АПРЕЛЬ 1955 жыл. | Бағасы 20 тиын. Шыға бастағанына 34 жыл



# Мектептерге партия басшылығын жақсарта түсеміз

Н. ЖУРИН,
ҚКП Ақмола обкомының секретары

Коммунистік партия мен Совет үкметі мектептерге үздіксіз аталық қамқорлық жасап келеді. Біздің елімізде оқуға, жасөспірімдерді тәрбиелеуге барлық жағдай жасалған. Жыл сайын жеткіншектерге арналып мыңдаған мектеп үйі, пионерлер сарайы және басқа балалар мекемелері салынады.

Халық ағарту ісіне ерекше көңіл бөлініп отырғаны біздің Ақмола облысының мысалынан да айқын көрінеді. Қазір облысымызда 700 мектеп бар, оларда 90 мыңнан аса жасөспірімдер оқиды, 4 мыңдай мұғалім жұмыс істейді.

Соңғы үш жылдың ішінде қоғам жұртшылығының инициативасымен жаңадан 47 мектеп салынды. Үстіміздегі оқу жылында жетіжылдық 6 мектеп онжылдыққа айналдырылды, тыңда ұйымдастырылған жаңа совхоздарда 9 жетіжылдық, 18 бастауыш мектеп ашылды. Сөйтіп, мектептер мен оқушылардың саны едәуір артты. Педагог кадрлардың іскерлік сапасы жақсарды. Мұғалімдердің басым көпшілігінің жоғары, ортадан жоғары және орта білімі бар. Осыған байланысты көптеген мектептерде оқу-тәрбие жұмысының сапасы жақсарды, оқушылар неғұрлым терең, тұрақты білім алатын болды.

Үстіміздегі оқу жылының алғашқы жарты жылдығында бірсыпыра мұғалімдер өз сабақтарынан оқушылардың тегіс үлгіруін қамтамасыз етті. Новочеркасс ауданынан Л. К. Калюта, А. А. Мирошниченко, Қорғалжын ауданынан Т. А. Медведева, Молотов ауданынан — Ф. М. Брускова, А. А. Усачева және басқа жолдастардың сабақтарынан оқушылар жоғары үлгірім көрсетіп келеді. Атбасар ауданында алғашқы жарты жылдықта 25 мұғалімнің оқушылары сабақты тегіс үлгірді. Мұндай табыстарға олар игілікті творчестволық еңбектің нәтижесінде жетті. Бұлар оқушыларына үнемі қатаң, педагогикалық талап қойып отырады, әрбір сабақты, тәрбие жұмыстарын ой елегінен өткізіп, творчестволықпен ойланып, оқушылардың жас ерекшеліктеріне, мінез-құлқына қарай жүргізеді. Мұндай озат мұғалімдердің тәжрибесі басқаларға өте бағалы болар еді. Амал не, облысымызда алдыңғы қатарлы мектептер мен мұғалімдердің тәжрибесін қорыту және оны тарату ісі өте нашар. Мұғалімдік мамандықты жетілдіру институты мен Қарағанды темір жолындағы жолдық педагогикалық кабинет өздерінің тікелей міндетін ұмытып, озат тәжрибені жыйнақтау, қорытындылау, насихаттау ісінен қол үзген.

Соңғы кездері облыстық партия комитеті мектептерде оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттыруға, партия ұйымдарының мектепке басшылығын жақсартуға бағытталған бірсыпыра шараларды жүзеге асырды. Өткен оқу жылының басында облыстық партия комитетінің бюросы облыста халық ағарту ісінің жайы туралы мәселе қарады. ҚКП аудандық комитеттері мен Ақмола қалалық комитетінің пленумдарында мектептердегі оқу-тәрбие жұмыстары туралы мәселе, ал аудандық және қалалық Советтердің сессияларында жалпыға бірдей оқу заңының орындалу барысы туралы мәселе талқыланды. Комсомол комитеттері өздерінің пленумдарында мектептегі комсомол және пионер ұйымдарының жұмысын жақсарту жөнінде мәселе қарады. Быйылғы оқу жылының басында облыстық партия комитеті бюросының қаулысы бойынша қалалық және аудандық партия комитеттері жанынан бастауыш партия ұйымдары секретарьларының семинары өткізілді, оларда партия ұйымдарының мектеппен байланысы, ата-аналар арасындағы жұмыс мәселелері әңгіме болды.

Осы айтылған шаралар партия ұйымдарының мектепке назарын арттырды. Көптеген аудандық партия комитеттері мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарымен шұғылданып, оған басшылығын жақсартты. Бұл жөнінде Шортанды аудандық партия комитетін атауға болады. Ол мектеп жұмысын әрқашан да бақылауға алып, байқалған кемшілікті түзету жөнінде мектептегі партия ұйымдарына кезінде көмектесіп отырады. Аудандық комитеттің бюросында мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарына байланысты мәселелер талқыланады.

Мектептердегі партия ұйымдарының өздері де жұмысты инициативамен істеп, мектеп өмірінде жетекші роль атқара бастады. Көптеген бастауыш партия ұйымдары оқу-тәрбие жұмысында кездесетін көптеген мәселені іскерлікпен шешеді, кемшіліктерді көріп, оны түзетуге көмектеседі.

Макин ауданындағы Макин орта мектебінің бастауыш ұйымында (секретары Ж. Мизамов жолдас) 13 коммунист тұрады. Ұйымның жыйналысы уақытында өткізіледі және онда мұғалімдердің саяси оқуының жайы, кейбір жеке пәндерді оқыту туралы, оқушылардың сабақ үлгіруі және тәртібі деген сыяқты маңызды мәселелерді талқылайды. Ұйым мұғалімдердің саяси-теориялық білімін арттыруына, мамандықтарын жетілдіруіне көңіл бөліп, көмектеседі.

Мұғалімдер арасында жүргізілген саяси-тәрбие жұмысы олардың оқытуда кейбір жақсы нәтижелерге жетуіне ықпал жасады. Осы мектепте он бір мұғалім оқу жылының бірінші жартысында өз пәндерінен оқушыларды тегіс үлгіртті. Бұлардың ішінде коммунистер Н. Ким, Н. Моисеенко, Н. Сейпиев және басқалар бар. Мектептің партия ұйымы кәсіпорындар мен мекемелердегі партия ұйымдарымен үнемі байланыс ұстайды, бұқара арасында педагогикалық насихат жүргізеді. Алғаш-

14. Мектептерде партия басшылығын жақсарта түсеміз (Улучшим партийное руководство в школах) – продолжение, 29 апреля


# СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің газеті

№ 101 (9683) | ЖҰМА, 29 АПРЕЛЬ 1955 жыл. | Бағасы 20 тиын. Шыға бастағанына 34 жыл


...қы жарты жылдықта ата-аналарға арнап педагогикалық тақырыпта мұғалімдер С. Трофимов 6 лекция, Н. Ким — 3 лекция, мектеп директоры Гонянко — 6 лекция оқыды.

Бұл мектепте оқушыларды өнеркәсіп орындарымен таныстыру, еңбекке баулу жұмысы да жолға қойылған.

Былтырғы оқу жылында облыстық партия комитетіне Ақмола станциясындағы № 32 мектептің оқу-тәрбие жұмысында ірі кемшіліктер барлығы жөнінде дабыл түсті. Дабыл бойынша тексеру ұйымдастырылып, қорытындысы облыстық комитеттің бюросында талқыланды. Онда мектептің бастауыш партия ұйымы мен дирекциясының жұмысты қанағаттанғысыз істейтіні атап көрсетілді. Партия ұйымы (секретары М. Матвеева жолдас) сыннан дұрыс қорытынды шығарды, міндетін түсінді. Ол биылғы оқу жылында оқу-тәрбие жұмыстарын жақсартуға бағытталған бірсыпыра шараларды жүзеге асырды.

Мектеп партия ұйымдарының жұмысы көп салалы және қиын. Сондықтан мектеп партия ұйымы секретарьларына қалалық, аудандық, облыстық партия комитеттері тарапынан әрқашан да көмек беріліп отыруға тиіс. Осыны ескеріп, облыстық партия комитеті жыл сайын мектеп партия ұйымдары секретарьларының семинарын өткізеді. Жақында өткен семинарда: мектептердегі оқу-тәрбие жұмыстарының жайы және мектеп жұмысын жақсартуда партия ұйымдарының міндеттері; балаларды тәрбиелеуде мектептің, ата-ананың және қоғам жұртшылығының өзара байланысы туралы; мектепте жүргізілетін атеистік тәрбиенің түрлері мен методикасы; кластан тыс жерде оқушылар арасындағы тәрбие жұмыстарын жақсартуда комсомол және пионер ұйымдарының міндеттері деген тақырыптарда мәселе талқыланды.

Семинарға қатысушылар облыстық органдардың, соның ішінде обкомның адресіне бірсыпыра сын ескертпелер айтты. Әсіресе, партия органдарының мектептегі партия ұйымдары жұмысының озат тәжрибелерін қорытындылауға жете мән бермейтіндіктері өте орынды сыналды. Республикамызда мектептегі озат партия ұйымдарының жұмысы туралы жеке кітапшалар шығарылмайтыны былай тұрсын, облыстық, республикалық газеттер де бұл мәселеге жеткілікті көңіл бөлмейді, өте аз жазады, деген пікірлері де орынды. Облыстық партия комитеті өзінің практикалық жұмысында бұл сындардан тиісті қорытынды жасайды.

Оқу жылының алғашқы жартысының қорытындылары мектептердің және мектеп партия ұйымдарының жұмысында елеулі кемшіліктер бар екенін көрсетті. Облыс мектептеріндегі оқушылардың 20 процентейі сабақ үлгірмейді. Кейбір аудандарда үлгірім көрсеткіштері бұдан да төмен. Мысалы, Молотов ауданындағы (аудандық партия комитетінің секретары Серов жолдас) 6428 оқушыдан 1440 оқушыда екілік баға бар. Ақмола, Есіл, Қорғалжын аудандарында да жағдай жақсы емес.

Қорғалжын орта мектебінде 8—10-шы класс оқушыларының дені сабақ үлгірмейді. Осыған байланысты, облыстық комитет мектеп партия ұйымының жұмысымен танысты. Партия ұйымының (секретары Өтетілеуова жолдас) жұмысы қанағаттанғысыз, мұғалімдер арасында ешқандай жұмыс жүргізбейтіні анықталды. Соңғы екі жылдың ішінде ұйымның 11 рет қана жиналысы болған, оның мектеп жұмысына байланысты мәселе талқылағаны өте аз. Партия жиналысына әзірлік және оны өткізу ісіне маңыз берілмеген, ол сын, өзара сынсыз, төмен дәрежеде өтіп отырған. Партия ұйымы коммунистерді және барлық мұғалімдерді өз еңбегіне жауапкершілікпен қарау рухында тәрбиелемеген. Кейбір мұғалім өз міндетіне жауапсыз қараған, тәртібін нашарлатқан. Мұның барлығы оқушылардың сабақ үлгіруіне кері әсерін тигізген.

Мектеп партия ұйымының жұмысындағы бұл ірі кемшіліктер Қорғалжын аудандық партия комитетіне (секретары Әубәкіров жолдас) әбден белгілі. Бірақ аупартком оған көңіл бөлмеді, кемшілікті түзеуге көмектеспеді.

Биылғы март айында обкомда Өтетілеуова жолдастың баяндамасы тыңдалып, жұмыстағы кемшіліктерді түзеудің жолдары айтылды. Қазір бастауыш ұйым өз жұмысын жандандыра бастады.

Мектеп партия ұйымдары оқыту...
пасын арттыру, оқушылар арасын...
лім-тәрбие жұмыстарын жақсарту ісі...
рықша көңіл бөлуге тиіс. М...
партия ұйымдарының жиналыстар...
әсресе ашық өткізілетін жиын...
тарда: «Орыс тілін оқыту жөнінде»,
тематиканы оқытуды жақсарту ...
лы», «Биологияны оқыту тәсіл...
«Коммунист-мұғалімдердің аванга...
ролі туралы» деген тақырыптарда ...
талқыланып тұрса, өте пайдалы болға...
лар еді.

Партия ұйымы педагог-коммунист...
алдына жоғары талап қойып от...
міндетті. Мұнда әрбір мұғалім-комму...
тің еңбегі басқаларға үлгі, өнеге бо...
көздеу керек. Балаларды оқыту, тә...
леу ісінде басқаларға үлгі болу үшін...
дагогтер коллективінің алдыңғы қата...
да болу үшін мұғалім-коммунистерді...
рі көп оқып, көп үйренуге, саяси-те...
лық білімін үнемі арттыруға міндетті.

Мектептегі партия ұйымы — комму...
тік партияның идеологиялық негізгі...
участоктегі өкілі болып табылады. ...
жұмысы аудандық, қалалық партия к...
теттерінің назарынан тыс қалмауға т...

Мұғалімдер — облысымыздағы инте...
генцияның ең көп отряды. Аудандық, ...
лалық, облыстық партия комитеттері мұ...
лімдер арасындағы идеологиялық жұ...
тардың дәрежесін көтеріп, жасөспірім...
оқыту, тәрбиелеу ісіне қамқорлығын ...
шейте беруге тиіс.

Облыстың партия ұйымдары СОКП ...
талық Комитеті январь Пленумының т...
хи қарарларын бұқараға кеңінен түс...
руде. Бұл істе мұғалім-коммунистер, м...
теп партия ұйымдары үлкен роль атқа...
ды. Мұғалімдердің басым көпшілігі ау...
село еңбекшілеріне Пленум қарарла...
ойдағыдай түсіндіріп жүр.

Мектептердің алдында тұрған таяу...
зор міндет — емтиханға барлық жағы...
үлгілі әзірленіп, оны табысты өткізу, о...
шылардың терең, тиянақты білім алу...
қамтамасыз ету. Партия ұйымдары...
күнделікті қамқорлығына, іскер көме...
сүйене отырып, мектептеріміз оқу жыл...
ойдағыдай аяқтайды, алдағы оқу жыл...
күні бұрын тыңғылықты әзірленеді.

17. Жастар ауыл-селоға келіңдер (Молодежь, приезжайте в аул-село), 11 мая

Қазақстанның Коммунистік партиясы

# СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің газеті

№ 110 (9692) | СӘРСЕНБІ, 11 МАЙ 1955 жыл. | Бағасы 20 тиын | Шыға бастағанына 34 жыл

## „Жастар, ауыл-селоға келіңдер."

Астана жоғары оқу орындарын бітірушілердің мамандармен — мұғалімдермен, дәрігерлермен, ғалымдармен және басқаларымен кездесу кешін Алматы қалалық партия комитетінің секретары Козлов жолдас ашты.

Трибунаға Қазақ ССР-іне еңбек сіңірген мұғалима Лунина жолдас шықты. Ол өз өмірінің жарты ғасырдан аса уақытын жастарды тәрбиелеуге арнаған. Өмір жолын революцияға дейін, патша өкметі тұсында, Россияның шалғай түкпірінде деревняда мұғалімдік қызмет атқарудан бастаған. Міне содан бері осы ғазиз жан, ізгі пейілді ұстаз талай адамды жарыққа, ғылымның даңғыл жолына апарды.

—Менің жас достарым, — деді ол жыйналғандарға арналған сөзінде, — алғашқы қадамдарыңды ауыл-селодан бастаңдар. Рас, әуелгі кезде қыйыншылыққа кездесесіңдер. Бірақ онан сескенбей, қандай қыйын кедергі болса да жеңіңдер. Сонда ғана Отанға пайдалы нағыз азамат болып өсесің.

Астана іргесіндегі «Луч Востока» колхозы бүкіл республикамызға мәлім. Бұл — мәдениеті мен шаруашылығы шалқып, көркейіп келе жатқан колхоз. Міне осы өскен, өркендеген артель председателі Дидковский жолдас кәзір туысқан Коммунистік партия ауыр индустрия негізінде ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыру міндетін алға қойып отырған кезде, ауыл-селоға маман кадрлардың — агрономдар мен зоотехниктердің, дәрігерлер мен мұғалімдердің аса қажет екенін айтты. «Ауыл-селоға келіңдер, жас мамандар!» деп аяқтады ол сөзін.

Қара торы жас жігіт жіті басып трибунаға шықты. Ол Қазақтың кен-металлургия институтын бітіреді. Болашаққа, бейбіт еңбек майданына аттанғалы тұрған жас түлек Мәкішев жолдас жыйналған студенттерді тебіренткен ойды айтты. Ол өзін тәрбиелеп, білім берген партия мен үкметке, институт оқытушыларына шексіз алғыс айтты. Өзінің Жезқазғанға жұмыс істеуге баратынын қуанышпен білдірді.

Бұл жастық кешінде Қазақ ССР Ғылым академиясының вице-президенті Горяев, Қазақтың С. М. Киров атындағы мемлекеттік университетін бітіруші, Сталиндік стипендиат Нұркина, село дәрігері Ломакин, Қазақтың ауылшаруашылық институтын бітіруші Криворотов жолдастар және басқалары сөйледі. Олар жастарды халық игілігі үшін аянбай еңбек етуге, өмірден өз орнын тауып, Отанға пайда келтіруге шақырды.

Жастық өмірдің қуаныш, шаттығы үстінде өткен бұл кеш қызғылықты да көңілді болды.

18. Ғылми конференциялар (Научные конференции), 17 мая



Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстанның Коммунистік партиясы

СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің газеті

№ 115 (9697) СЕЙСЕНБІ, 17 МАЙ 1955 жыл. Бағасы 20 тиын. Шыға бастағанына 34 жыл



## Ғылми конференциялар

Қазақтың С. М. Киров атындағы мемлекеттік университетінде студенттердің ғылми конференциясы болып өтті. Конференцияға физика, мат:матика, химия, биология, геология, география, экономика, тіл және әдебиет—барлығы он бір секция қатысты. Онда ғылымның әр саласынан 87 баяндама тындалды.

Ғылми конференцияның жұмыс барысында көрінгеніндей, көптеген студенттер алған тақырыбын жан-жақты зерттеп, оғ-дарыдай меңгерген. Жасалған баяндамалардың ішінде, әсресе экономика факультетінің IV курс студенткасы З. Нұрқатованың «Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру, астық шаруашылығын жоспарлау», биология-жерқыртысын зерттеу факультетінің студенткасы К. Сәлменованың «СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы және биологтердің міндеттері», тарих факультетінің студенті А. Бабраевтың «Россиядағы 1905—1907 жылдардағы революция және оның маңызы» деген тақырыптардағы жұмыстары жоғары бағаға ие болды.

А. ХАМЗИН.

* * *

Алматының Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтында болып өткен IX ғылми конференцияға оқу орнының студенттері мен профессор-оқытушылар коллективі белсене қатысты. Конференцияда жоғары баға алған студент А. Тяннің «Қазақстанда 1954—1955 жылдары тың және тыңайған жерлерді игеру», У. Сайрановтың «Қытай Халық Республикасының жеңісі—марксизм-ленинизм ғылымының салтанаты», Б. Жақыпбековтің «Абай Құнанбаевтың педагогикалық көзқарасы» деген тақырыптардағы баяндамалары студенттердің қалалық конференпиясы-на усынылды.

С. МЫРЗАБАЕВ.

19. Өз ісінің шебері (Мастер своего дела), 20 мая

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!
Қазақстанның Коммунистік партиясы

# СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің газеті

№ 118 (9700) | ЖҰМА, 20 МАЙ 1955 жыл. | Бағасы 20 тиын
Шыға бастағанына 34 жыл

## Өз ісінің шебері

Жақыпов Быкыя Қостанай облысы, Пресногорьков ауданының Киров сельпосына қарайтын «Жаңажал» колхозындағы дүкенде сатушы болып істейді. Сатушының өз ісіне берілген, ұқыпты екені дүкеннің ішіне кірсең бірден-ақ байқалады. Дүкеннің іші әрқашан таза, әртүрлі товарлар өзінің ретімен, тәртіптеліп қойылған, бәрінің де бағалары жазулы. Бұл дүкеннен күнделікті тұрмысқа қажетті товарлардың бәрі де табылады немесе арнаулы заказ бойынша әкеліп беріледі.

Бағалы заттарға заказ берушілердің ішінде тың және тыңайған жерлерді игеруге көмектесу үшін туысқан республикалардан келген механизаторлар да аз емес. Жақында № 13 трактор бригадасының бригадирі Николай Котенко январь айында тапсырған астығына бір мотоцикл алды. Механизаторлар Федоренко, Максименко, Галото, Степаненко, Стрежак жолдастар заказ бойынша велосипед алдырды.

Жақыпов үлгілі сатушы, өз ісінің шебері. Ол бұқарамен тығыз байланыс жасап, тұтынушылардың тілегін әрқашан да еске алып отырады. Жақында Жақыпов жолдас аудандық өнеркәсіп комбинатынан колхозшылар мен механизаторлардың заказы бойынша 5 мың сомның товарларын алдырды. Оның ішінде 13 пар етік, бірнеше сырт көйлек, китель және басқа товарлар бар. Жақыпов жолдас социалистік жарыста алған міндеттемесін 120 процент орындады.

Кәзір Жақыпов жолдас күніне екі-екі жарым мың сомның саудасын істейді. Үлгілі сатушыға үздік еңбегі үшін 600 сомнан екі рет сыйлық берілді.

Е. БАЙСАҚАЛОВ.

20. Жоғары оқу орындарына студенттер қабылдаудың жаңа тәртібі (О новом порядке приема студентов в высшие учебные заведения), 21 мая



Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!
Қазақстанның Коммунистік партиясы

СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің газеті

№ 119 (9701) | СЕНБІ, 21 МАЙ 1955 жыл. | Бағасы 20 тиын. Шыға бастағанына 34 жыл



## Жоғары оқу орындарына студенттер қабылдаудың жаңа тәртібі

ССРО Жоғары білім министрлігі жоғары оқу орындарына студенттер қабылдаудың жаңа ережесін бекітті. Быйылғы жылдан бастап ауылшаруашылық, мұғалімдер даярлайтын институттардан және сабақ ұлт тілінде жүргізілетін одақтас республикалардың институттарынан басқа барлық жоғары оқу орындарында шетел тілдерінің бірінен оқуға түсу емтиханын тапсыру енгізіледі. Сырттан оқытатын және кешкі институттар мен бөлімдерге түсетіндер шетел тілдерінен емтихан тапсырудан босатылады.

Филологиялық факультеттер мен бөлімдерден басқа барлық жоғары оқу орындарында орыс тілі мен әдебиетінен оқуға түсу үшін ауызша емтихан тапсырылмайтын болады.

Осы уақытқа дейін жоғары оқу орындарына кемінде 17 жасқа толғандар ғана қабылданып келді. Жаңа ереже жас жөнінен мұндай шек қоюшылықты жояды.

Сырттан оқытатын және кешкі жоғары оқу орындарына қабылдау түсушінің жұмысына қатаң түрде сәйкес жүргізілуге тиіс. Мысалы құрылыс оқу орындарына тек құрылыс өнеркәсібінің қызметкерлері, педагогикалық жоғары оқу орындарына мұғалімдер ғана алынады, т. т. Оқудың алғашқы үш жылы ішінде жаңа мамандық бойынша жұмысқа ауысуға өздері келісім білдірген жағдайда ғана басқа мамандықтың қызметкерлері бос орындарға қабылдана алады. (СОТА).

21. Байланыс жұмысын жақсартайық (Улучшим работу связи), 26 мая



Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстанның Коммунистік партиясы

СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің газеті

№ 123 (9705) | БЕЙСЕНБІ, 26 МАЙ 1955 жыл. | Бағасы 20 тиын. Шыға бастағанына 34 жыл



## Байланыс жұмысын жақсартайық

Гурьев облысының Маңғыстау аудандық байланыс бөлімі, партия мен үкмет алға койған талаптарға сәйкес соңғы жылдары өзінің жұмысын біраз жақсартты. 1953 жылдан бері қарай біздің ауданның байланысшылары табыс кіргізудің мемлекеттік жоспарын облыста ылғый алдыңғылардың бірі болып орындап келеді.

Маңғыстаудың байланысшылары тек табыс табу ғана емес, сонымен бірге ауданның ауылдық, селолық Советтері мен колхоздарын телефондандырып, радиоландыруға да баса назар аударуда. 1954 жылы аудан орталығынан 35 километр жерде тұратын Куйбышев ауылдық Советі телефондандырылып, осы Советтің қамтуындағы Маленков атындағы колхоз, Ақтөбе ауылдық Советі мен оның Ленин атындағы колхозы, Қаратөбе ауылдық Совет және басқа бірнеше алыстағы мал жайылым участоктері радиоландырылды. Аудан орталығы да радио, телефонмен толық қамтамасыз етілді. Үстіміздегі жылы «Қызылтаң» колхозына телефон орнатылып, бірінше колхозда радио торабы орнатылмақ.

Осындай табыстарымыз бола тұрса да аудандық байланыс бөлімінің жұмысында әлі де бірқатар елеулі кемшіліктер бар екенін мойындаумыз керек. Дәлірек айтқанда, еңбекшілердің хат-хабарларын, газет, журналдарын иесіне мезгілінде жеткізіп беру осы уақытқа дейін кәзіргі талапка сай болмай отыр. Онды, Тұщықудық Советтеріне қарайтын «Екпінді», Сталин атындағы колхоздар почта тасыйтын адамдар мен көлік бөлмей, колхозшылардың хат-хабар, газет, журналдарын бірнеше күндерге дейін таратпай кешіктіріп келеді. Мұндай жағдай басқа да кейбір колхоздарда кездеседі.

Сондай-ақ, кей жерлерде ауылдық Советтің жанындағы почта бөлімшелері осы уақытқа дейін байланыс жұмысына лайықты үймен қамтамасыз етілген жоқ. Бұл олардың жұмысына қолайсыз әсерін тигізуде. Алдағы уақытта мұндай кемшіліктерді барлық колхоздар мен ауылдық Советтерде батыл жойып, байланыс жұмысының қай саласын болса да жолға қоюымыз керек. Сонда ғана біз ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің кәзіргі талаптарына сай қызмет етіп, олардың СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысын орындау жолындағы қажырлы күресіне лайықты үлес қоса аламыз. Бұл үшін байланыс жұмысын батыл жақсартайық!

**Б. ДҮЙСЕМБАЕВ,**

**Маңғыстау аудандық байланыс бөлімінің меңгерушісі.**

22. Қаратал колхоз-совхоз театрының гастрольдері (Гастроли Каратальского колхозно-совхозного театра), 26 мая



Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстанның Коммунистік партиясы

СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің газеті

№ 123 (9705) | БЕЙСЕНБІ, 26 МАЙ 1955 жыл. | Бағасы 20 тиын. Шыға бастағанына 34 жыл



# Қаратал колхоз-совхоз театрының гастрольдері

Коммунистік партия мен Совет үкіметінің күнбе-күнгі дана басшылығы мен қамқорлығы арқасында совет искусствосы үнемі алға басып, өркендеп келеді. Совет адамдарының өскелең, талғампаз мәдени және рухани тілегін орындауда Қаратал колхоз-совхоз театры да Жетісу еңбекшілеріне мәдени қызмет көрсетуде.

Театр коллективі үстіміздегі жылдың жаңа маусымын сахнаға жаңа пьесалар әзірлеумен қарсы алды. Сонымен қатар концерт программасы да жаңартылды. Коллектив февраль айының жартысынан бастап көктем егісінің карсаңында облыстың шалғай аудандары Панфилов, Октябрь, 28 гвардияшыл-панфиловшылар, Киров және Талдықорған аудандарының колхоздары мен совхоздарында, мал жайылымы участоктерінде, механизаторлар арасында болып, 50-ден астам спектакльдер мен концерттер көрсетті.

Таяуда театр коллекитві драматург Ғ. Мүсреповтің қайтадан өңдеген «Қыз жібек» атты музыкалық пьесасын облыс еңбекшілеріне көрсетті.

Партия мен үкіметтің еңбекшілердің мәдени тілегін үздіксіз өтеп отыру жөніндегі нұсқауларын орындай отырып, театр коллективі творчестволық ізденуді күшейтті, колхоздар мен совхоздарға гастрольге шығуды бұрынғыдан да жиілетті. Театр жұмыс істейтін негізгі орталық қазір мал фермалары, егіс басы, еңбекшілердің қалың көпшілігі тікелей жұмыс істейтін жерлер болып алды. Театр коллективі үстіміздегі жылы облысымыздың колхоз, совхоздарында ойын көрсетумен катар, туысқан Қырғыз республикасының Тянь-Шань және Ыссықкөл облыстарына үш айға гастрольге баруды жоспарына енгізіп отыр.

Ж. НҰРОВ,
Театрдың артисі.

Талдықорған облысы.

23. Медицина қызметкерлерінің кеңесі (Совет медицинских работников), 26 мая






# Медицина қызметкерлерінің кеңесі

АҚТӨБЕ. **(Өз тілшімізден).** Мұнда медицина қызметкерлерінің облыстық кеңесі болып өтті. Кеңеске қатысушылар еңбекшілерді медицина жағынан қамтуды жақсартудың шараларын талқылады. Бұл мәселе жөнінде баяндама жасаған облыстық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі Мусабеков және жарыссөзде сөйлеген дәрігерлер мен фельдшерлер соңғы кезде еңбекшілер арасында медициналық қызмет етудің едәуір жақсартылғанын, оған партия мен үкметтің үнемі көмек көрсетіп отырғанын атап көрсетті.

Облыста медицина мекемелерінің жүйесі жылдан-жылға өсіп келеді. Кәзір колхоздар мен совхоздарда, МТС-терде 80-нен аса аурухана, әртүрлі диспансерлер, ондаған медицина пункттері жұмыс істейді. Үстіміздегі жылы жаңадан 12 пункт, 3 санаторий іске қосылады. Облыстық бюджетте көрсетілген қаржының едәуір бөлегі медицина мекемелерінің жұмысын жақсартуға жумсалатыны, халыққа медициналық көмектің тегін көрсетілетіні шын қамқорлықтың айқын дәлелелі бола алады.

Баяндамашы және жарыссөзде сөйлеген жолдастар облысты тұтас алғанда денсаулық сақтау орындарының жұмыстарында бірқатар кемшіліктердің бар екенін атап көрсетті. Бұл жұмыстарды жақсартуда шалағайлықтың, тәртіпсіздіктің орын алып келгендігі байқалды. Кейбір денсаулық сақтау орындары басшыларының икемсіздігінен мемлекет тарапынан босатылған қаржы жыл сайын толық жұмсалмайды. Мұның өзі жаңадан емдеу орындарын ашуға, оларды жабдықтармен, емдеу құралдарымен қамтамасыз етуге кедергі жасауда. Әсресе медициналық орындардың құрылысы төзгісіз жағдайда отыр. Ақтөбе құрылыс тресі, Ферроеплав заводы, Дон кен басқармасы, химия комбинаты сияқты ірі кәсіпорындарда балалар бақшалары мен яслилердің, ауруханалардың, диспансерлердің құрылысы 4—5 жылға дейін созылуда.

Бірқатар колхоздар мен совхоздардың медициналық пункттерінің жұмысы нашар.

Облыстық денсаулық сақтау бөлімінің басшылары Мусабеков, Еременко жолдастар төменгі орындардың жұмысына нақтылы көмек көрсетпейді, атүсті басшылық етеді. Бөлім қызметкерлері көбіне кеңседен шықпайды. Мұндай жағдайға Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі де кінәлі. Өйткені, министрліктегі жолдастар облыстық бөлім басшыларына күшті талап қоймайды, жанды басшылық етпейді. Қазақстан аптека басқармасының, оның облыстық басқармасының да (бастығы Мұқашев жолдас) атына сын ескертпелер айтылды.

Облыстық кеңеске қатысушылар денсаулық сақтау жұмысын жақсарта берудің шараларын белгіледі.

25. Студент жастардың көркем өнерпаздығына байқау (Конкурс творческих работ студенческой молодежи), 29 мая

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстанның Коммунистік партиясы

СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің газеті

126 (9708) | ЖЕКСЕНБІ, 29 МАЙ 1955 жыл. | Бағасы 20 тиын. Шыға бастағанына 34 жыл

# Студент жастардың көркем өнерпаздығына байқау

Алматы қаласындағы жоғары оқу орындары мен техникумдары студенттерінің көркем өнерпаздығына байқау болды. Оған қаладағы 10 жоғары оқу орны мен 8 техникумның коллективтерінен төрт мыңға жуық адам қатысты.

Байқау студент жастардың ғылым негіздерін тыянақты меңгерулерімен бірге, олардың өнерпаздықтарының да әжептәуір өсіп отырғанын, эстетикалық; көркемдік, сезімдерінің де зор екенін көрсетті. Әсресе Қазақтың мемлекеттік педагогикалық әйелдер институтының өнерпаз қыздарына тыңдаушы жұртшылық аса риза болды. Құрамында 160 адам бар институттың хор коллективі байқауда композитор Б. Ерзаковичтің «Коммунизм құрылысы», болгар халық әні «Э-хо» әндерін сазына келтіріп орындады. Сондай-ақ студентка Туғанбаева орындаған «Абай» операсындағы Ажардың ариясы мен Соловьев-Седойдың «Менің туған елім» әні тыңдаушыларға байыпты жетті. Институттың оркестр коллективі де көркем өнерпаздар байқауына лайықты әзірлікпен келгендігін көрсетті.

Қазақтың мемлекеттік ауылшаруашылық институтының көркем өнерпаздар коллективі үлкен бағаға ие болды. Студент Мұқанов орындаған жас композитор Мұқамеджановтың «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» (сөзі Абайдікі) әні, студентка Сәрменова орындаған композитор Жұбановтың «Көгершін» әні, халық аспаптары оркестрінің орындауындағы Динаның «16-жыл», Құрманғазының «Ақсақ киік» күйлері әсерлі шықты. Оркестрдің үнінен әсем сазды, шебер орындаушылық пен студенттердің музыкаға деген сүйіспеншілігін аңғару қиын емес.

Быйылғы байқаудан мынадай жағдайдың көрінгендігін де атап айту керек. Әсресе Қазақтың кен-металлургия, заң институттары мен С. М. Киров атындағы мемлекеттік университет көркем өнерпаздарының репертуары композиторларымыздың жаңа шығармаларымен байый түскен.

Байқауға қатысқан арнаулы оқу орындарының ішінде темір жол техникумының көркем өнерпаздары жақсы көрсеткішке ие болды. Техникумның хор коллективі Захаровтың «Біздің күшіміз», Дунаевскийдің «Сапар» әндерін тамылжыта орындады. Осындай табыстарға тамақ өнеркәсібі, электр байланысы техникумдарының көркем өнерпаздар коллективі де ие болды.

Төрешi комиссияның үйғарымы бойынша бірінші орынды Қазақтың мемлекеттік педагогикалық әйелдер институтының, екінші орынды кен-металлургия институты мен заң институтының, үшінші орынды Қазақтың С. М. Киров атындағы мемлекеттік университеті мен Қазақтың мемлекеттік ауылшаруашылық институтының көркем өнерпаздар коллективтері алды. Ал арнаулы оқу орындарының ішінде бірінші орын темір жол техникумының көркем өнерпаздар коллективіне берілді.

Байқау, сонымен бірге, кейбір оқу орындарының бұл сияқты маңызды іске лайықты әзірліктермен келмегендігін көрсетті. Мысалы, физкультура институты мен есеп-кредит және кино техникумдарының коллективтері байқауға жете дайындалмаған. Алдағы уақытта оқу орындарының дирекциялары мен партия ұйымдары бұл кемшіліктерден тиісті қорытынды жасауы тиіс.

Б. ДОСПАНОВ.

27. Балаларды қорғаудың халықаралық күні (Всемирный день защиты детей), 1 июня


Обл. библиотека им. Гоголя ПЕРИОДИКА
Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!
Қазақстанның Коммунистік партиясы
СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН
Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің газеті
№ 128 (9710)
СӘРСЕНБІ, 1 ИЮНЬ 1955 жыл.
Бағасы 20 тиын
Шыға бастағанына 34 жыл
Мурманск және




# Балаларды қорғаудың халықаралық күні

## Қамқорлық

## Отан аясында

Быйыл Алматының № 2 тігін фабрикасы жұмысшыларының балалары үшін жаңа яслий үйі салынып, пайдалануға берілді. Суретте: яслий дәрігері Н. Ложкина (ортада) фабриканың жұмысшы әйелдері А. Медеуова (сол жақта) және А. Иванова (оң жақта) жолдастарымен әңгімелесіп тұр.

Суретті түсірген Я. Турин.

28. Қамқорлық (Защита), 1 июня

Обл. библиотека им. Гоголя ПЕРИОДИКА

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстанның Коммунистік партиясы

# СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің газеті

№ 128 (9710) | СӘРСЕНБІ, 1 ИЮНЬ 1955 жыл. | Бағасы 20 тиын. Шыға бастағанына 34 жыл

Мурманск және

## Қамқорлық

Біздің еліміздің балалары — дүние жүзіндегі ең бақытты балалар. Олар Коммунистік партия мен Совет үкіметінің мейірімді сүйіспеншілігі мен әкелік қамқорлығына бөленген. Мұны біздің колхоздың өмірінен де айқын көруге болады.

Колхозымыз онша үлкен емес, шағын. Өткен жылғы табысымыз 3 миллион 300 мың сомдай болды. Колхозшылар әр еңбеккүнге 3 килограмнан астық, 2 сомнан ақша алды. Ауыл шаруашылығы артелінің 1800 сиыры, 12 мың қойы, 500-дей жылқысы бар. Жыл сайын колхоздағы балалар яслиі мен бақшасына бірнеше мың сом қаржы бөлінеді. Былтыр 30 мың сом, ал үстіміздегі жылы 150 мың сом қаржы бөлінді.

Колхозда еңбекшілердің қамқорлығымен ашылған 4 балалар бақшасы мен яслиі бар. Оларда колхозшы шаруалардың 170-ке жуық баласы тәрбиеленеді. Бұлардың ішінде, әсіресе, колхоз орталығындағы балалар бақшасының жұмысы жақсы. Бақшаның жаңа типті 8 бөлмелі үйі бар. Шешінетін, жататын, тамақтанатын, ойнайтын орындары өз алдына. Музыка аспаптарында ойнауға үйрететін, ән айтып, би билеуге жаттықтыратын арнаулы бөлмелер де жұмыс істейді.

Балалардың таза ауада ойнауы үшін аула ішіне неше түрлі ағаштар егіліп, алаңдар жасалған. Мұнда 70-ке жуық бала тәрбиеленеді. Колхоздың басқа участоктеріндегі үш балалар яслиінің жұмысы да осындай. Барлық бақшалар мен яслилерге жаңадан толық жабдығымен 150 төсек сатып алынды.

Міне, мұның бәрі колхоздағы балалы әйелдердің сәбилерін бақшаға, я яслиге беріп, алаңсыз жұмыс істеулеріне жасалған жағдай болып табылады. Біздің колхозымызда жұмыс істейтін адамдардың жартысынан көбі әйелдер. Қазір шаруашылықтың әртүрлі саласына 300-дей әйел белсене қатысады. Сондықтан да балалар бақшасы мен яслиінің бұл күндерде атқаратын ролі ерекше болып отыр. Колхозшы әйел Раиса Ким төрт баласының бәрін де бақшаға беріп, өзі қызылша плантациясында алаңсыз қажырлы еңбек етеді, сөйтіп күндік нормасын үнемі асыра орындайды. Екі балалы Елена Ким колхоздағы озаттардың бірінен саналады. Ол күндік нормасын 1,5 — еседен асыра орындап жүр. Сауыншы Томалдиева сиырдан сүтті көп сауып, басқаларға еңбек үлгісін көрсетуде.

Колхоз жанынан әйелдер босанатын үй салынып жатыр, жақында пайдалануға берілмек.

Колхоз басқармасы мен партия ұйымы жас ұрпақты оқытып, тәрбиелеу ісіне үнемі қамқорлық көрсетуде. Колхозда бір орта мектеп, екі жетіжылдық, бір бастауыш мектеп бар. Панфиловшылардың бастамасына үн қоса отырып, ауыл шаруашылығы артелінің мүшелері үлкен шаралар белгіледі. Колхозшылар өздерінің жиналысында Сарыбұлақ участогінен жаңадан бастауыш мектеп үйін және жайылымдағы малшылар балаларының жатып оқуы үшін орта мектеп жанынан 40 орынды интернат салу, бір мектепке бу жылуын беру жөнінде қарар қабылдады.

Біздің жас ұрпақ колхоздың болашақ иелері. Сондықтан да олар мектепте оқып жүрген кезінен-ақ еңбек сүйгіш болып өсуі тиіс. Оқушыларды еңбекке дағдыландыру үшін мектептің оқу-тәжрибе участогіне арнап үш гектар жер бөлдік. Сонымен қатар екі бригада да жаңадан балалар яслиін саламыз. Өткен жылы пионер бөлмесінен кітапхана ашылды.

Біз социалистік қоғамның мәдениетті, білімді, саналы азаматтарын — коммунизмнің белсенді құрылысшыларын тәрбиелеу ісін бұдан былай да күшейте береміз.

А. КИМ,
Абай атындағы колхоздың председателі.

Талдықорған облысы,
Қаратал ауданы.

29. Құрылыс техникумында (В строительном техникуме), 9 июня

Обл. библиотека им. Гоголя ПЕРИОДИКА

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!
Қазақстанның Коммунистік партиясы

# СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің газеті

№ 135 (9717) | БЕЙСЕНБІ, 9 ИЮНЬ 1955 жыл. | Бағасы 20 тиын. Шыға бастағанына 34 жыл

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

Индия Республикасының премьер-министрі Джавахарлал Нерудің Москваға келуі (1 бет).
ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ: Партия ұйымдары өнеркәсіпке нақты басшылық етуге тиіс (2 бет).
С. Қорғанбаев. — Суармалы егіншілікке назар аударылсын (2 бет).
К. Оразниязов. — Көрші екі колхозда (2 бет).
Герман Федералдық Республикасының Үкметіне Совет Үкметінің нотасы (2 бет).
П. Егоров. — Озат тәжрибені насихаттау (3 бет).
Б. Есебергенов. — Ленингор көркейе береді (3 бет).
Б. Садуақасов. — Жемшөп дайындау жұмысы ұйымшылдықпен жүргізілсін (3 бет).
Халықтық демократия елдерінде (4 бет).
Нерудің Совет Одағына сапары туралы Индия газеттерінің пікірлері (4 бет).
Индия мен Чехословакия арасында сауда келісімінің мерзімін ұзарту (4 бет).
Совет ғалымдарының Парижге жүріп кетуі (4 бет).

Индия Республикасының премьер-министрі ... НЕРУДІҢ Москваға келуі

Өндіріс жаңашылдарының тәжрибесі кеңінен таратылсын
КБОС-тағы кеңес

## ...хникумында

...ауыл-селолары мен
...шы поселкелерінің,
...мен тың және ты-
...п жатқан аудандарда
...қа астық совхозда-
...да оқтай түзу көше-
...н әсем, сәнді тұрғын
...ың, мәдениет үйлері
... жылдан жылға кө-
...гілікті іске Алматы
...ның қосқан үлесі де
...ы бітірген жүздеген
жас жігіттер мен қыздар қазір республикада жүргізіліп жатқан үлкен құрылыстарда құрылыс бастығы, прораб, десятник, техник, архитектор, тағы басқа мамандықтарды атқаруда.

Қазір техникумда 572 студент оқиды. Оның 125-і Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, тың жерлер игеріліп жатқан және басқа облыстардағы жаңа совхоз орталықтарында жүр. Бұлар совхоз поселкесінің болашақ тамаша жобасы жайында жоба-диплом жазып жүр. Ал I—II—III курстарда жазғы емтихан сессиясы жүріп жатыр. Бұлармен бірге оқу орнында 196 адам сырттан оқиды. Олар құрылыс және электр бөлімшелері бойынша бірнеше пәннен курстан курсқа көшіру емтиханын тапсырады.

Техникум бұл күндері өзінің құрылып, жұмыс істей бастағанына 20 жыл толу мерекесін атап өтуге әзірленуде. Бұл мерекеде оның айтатын табысы да, атап көрсететін міндеті де көп.

Н. ДОСАНОВ.

30. Балалар яслилері (Детские ясли), 9 июня

Облбиблиотека им. Гоголя ПЕРИОДИКА

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстанның Коммунистік партиясы

СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің газеті

Бағасы 20 тиын
Шыға бастағанына 34 жыл

№ 135 (9717) | БЕЙСЕНБІ, 9 ИЮНЬ 1955 жыл.

Индия Респ

# Балалар яслилері

Қызылорда облысы, Қазалы ауданының колхоздарында балалар мекемелері көбейіп келеді. «Қазақстанның 30 жылдығы», «Қызыл ту», Сталин атындағы колхоздарда тұрақты балалар яслиі ашылып, жұмыс істей бастады.

«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының балалар яслиі жақсы жабдықталған. Мұнда 20 орын бар. Яслиге 6180 сомның төсек-орны, ыдыс-аяқтары сатып алынды. Балалар яслиін Дәулетова жолдас басқарады. Ол жас нәрестелердің жақсы тәрбие алуына айрықша көңіл бөледі.

Сталин атындағы колхоздың балалар яслиінде 15 орын бар. Яслиді жабдықтау үшін 6 мың сом жұмсалды. Ясли меңгерушісі Жетілгенова жолдас өз ісіне ұқыптылықпен қарайтын байсалды адам. Колхоз әйелдерінің көбісі өз балаларын яслиге беруде.

Б. ҚАРАҒҰЛОВ.

31. Бір ауылдың мәдениеті (Культура одного аула), 12 июня

Вч. ГОСОД'Я ПЕРИОДИКА

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстанның Коммунистік партиясы

# СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің газеті

№ 138 (9720) | ЖЕКСЕНБІ, 12 ИЮНЬ 1955 жыл. | Бағасы 20 тиын. Шыға бастағанына 34 жыл.

## БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің Николай Александрович Булганин жолдасқа құттықтауы (1 бет).

Н. А. Булганин жолдасқа Социалистік Еңбек Ері атағын беру туралы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы (1 бет).

ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганиннің Индия Республикасының Премьер-Министрі Джавахарлал Нерумен әңгімелесуі (1 бет).

Джавахарлал Нерудің Москвада болуы (1 бет).

ССР Одағының Үлкен театрындағы спектакльде (1 бет).

Облыстық, өлкелік партия комитеттері мен одақтас республикалар компартиялары Орталық Комитеттерінің құрылыс бөлімдері және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері меңгерушілерінің кеңесі (2 бет).

Ж. Рахимов. — Қарағандыда астық қоймаларының құрылысы неге баяу (2 бет).

Х. Арыстанбеков. — Тың көтеру жоспарын июнь айында орындау үшін (2 бет).

Д. Асанов. — Колхозшылардың белсене қатысуымен (3 бет).

Б. Кенжебаев. — Шоқан Уалихановтың бейітінде (3 бет).

Совет үкметінің Герман Федералдық Республикасының үкметіне жолдаған нотасына шетелдердегі пікірлер (4 бет).

Капиталистік елдерде ереуіл қозғалысы (4 бет).

**ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганиннің Индия Республикасының Премьер-Министрі Джавахарлал Нерумен**

## ...мәдениеті

...4 мектеп, кітапхана, тағы басқа мәдени-ағарту орындары жұмыс істейді. Радио мен электр колхозшылардың тұрмысына мықтап енді. Мал фермаларында, мастерскойларда, қырманда бірқатар жұмыстар электр қуатымен атқарылады. «Қазақстанның 20 жылдығы» колхозының экономикасы да өсіп, нығая түсуде. Өткен жылы артельдің табысы миллион сомнан асты, ал биыйл екі миллион сомға жетті.

Бір кезде сауаты бар бірде-бір кісі табылмайтын ауылда қазір хат танымайтын адам жоқ. Мұнда жоғары және орта білімді 25 маман—мұғалімдер, ауыл шаруашылығының мамандары жұмыс істейді. Колхозшы семьясында өскен Тілеппай Айтмағамбетов фельдшер, Кәдірқан Аманбаев мектеп директоры, Есболай Мусин мұғалім болып істейді. Колхозшылардың балалары техникумдар мен институттарда оқиды. Колхозшы Құдайбергеновтың ұлы Мағауия Москвада, колхозшы Мейірбанованың баласы Сағит Алматыдағы институтта оқып жүр.

Колхоздың кең байтақ егіс даласында 22 трактор, тағы басқа ауылшаруашылық машиналары ертелі-кеш гүріл қағады. Осы бай техниканы жүргізушілер де артель мүшелері.

Селолық Советтің жанындағы кітапхана еңбекшілердің мәдениеті мен рухани тілектерін қанағаттандыру үшін қызмет етеді. Мұнда үш мыңнан астам саяси, көркем әдебиет кітаптары бар. Кітапханадан марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерін де, Пушкин мен Лермонтовтың, Толстой мен Горькийдің, совет және батыс жазушыларының, қазақ ақын-жазушыларының шығармаларын да, ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығы жөніндегі әдебиеттерді де тауып алуға болады.

Кітапханаға күн сайын ондаған колхозшы, ауыл интеллигенциясы келеді. Оның 400-ден астам тұрақты кітап оқушысы бар.

Колхозшының мәдениеті мен рухани тілегінің күннен күнге өсіп отырғанын мынадай мысалдардан айқын көруге болады. Ауылдың барлық тұрғындары 400 данадан астам әртүрлі газет, журналдар жаздырып алады. Көшеновтің семьясы «Социалистік Қазақстан», облыстық екі газет, аудандық «Алға» газеттерін; Алексей Лебедев аудандық «Вперед» газеті мен «Сельское хозяйство» журналын, «Үгітші блокнотын» жаздырып алып оқиды. Колхозшы Жиенбаев «Радио», құрылыс бригадасының бригадирі. А. Әлібеков «Сельское строительство» журналдарын бірнеше жылдан бері жаздырып алып жүр.

Колхозды ауылда өндірістік, мәдени орындар мен тұрғын үй құрылысы да кең өріс алуда. Өткен жылы «Қазақстанның 20 жылдығы» ауыл шаруашылығы артелінің құрылыс жұмыстарына 357 мың сом жұмсалып, мектеп, клуб, астық сақтайтын қойма, басқа да өндірістік объектілер және 15 тұрғын үй салынған болатын. Биыйл құрылыс жұмысына 531 мың сом жұмсау белгіленіп отыр. Бұл қаржы яслиді, әйелдер босанатын үйді, дәрігерлік пунктті, колхоз кеңсесін, клубты бумен жылыту үшін бу проводын жүргізуге, сонымен бірге өндіріс орындарын салуға жұмсалады.

Күн ұясына кіріп, қасқарайғанда селоның көшелерінде, колхозшылар үйлерінде электр шамы жарқырап, көгілдір аспан жұлдыздарымен қабаттаса жымыңдайды. Көшелерде орнатылған радиолар Отанымыздың жүрегі Москвадан және Алматыдан берілген хабарларды, тамылжыған жан тебренткендей әндер мен күйлерді жан-жаққа таратады. Ауылдағы ең сәнді үйдің бірі — клубтың төңірегіне ән салған, гармонь тартқан жастар жиналады. Олар гүлдей жайнап құлпырған өңірді, өркені өсіп көркейген өмірді, өздерінің қажырлы еңбегі мен жарқын болашақты жырлайды. Қажырлы еңбекпен келген көңілді тұрмыс, шат өмір туғызған жырлар бүкіл ауыл әлеміне нәр береді. Осының бәрі өркендеп көркейе түскен, болашағы зор бүгінгі колхозды ауылдың бейнесін одан сайын сәндендіре түседі.

М. МҰҚЫШЕВ.
(Өз тілшіміз).

Ақтөбе.

32. Балалардың жазғы саяхаттары (Летние путешествия детей ), 12 июня

им. Гоголя
Периодика

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!
Қазақстанның Коммунистік партиясы

СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің газеті

№ 138 (9720) | ЖЕКСЕНБІ, 12 ИЮНЬ 1955 жыл. | Бағасы 20 тиын. Шыға бастағанына 34 жыл.

## Балалардың жазғы саяхаттары

Алматы мектептерінің көпшілігінде оқу жылы аяқталды. Мыңдаған жас ұландар жазғы демалысқа шықты. Олардың быйылғы саяхаты қызғылықты да көңілді болмақ. Мектеп оқушылары туған өлкенің өсімдік және жануарлар дүниесімен, ауыл шаруашылығымен танысады. Тәжрибелі экскурсияшылар олардың саяхатына басшылық жасайды.

Көптеген оқушылар қала маңындағы колхоздарға барып, ауыл шаруашылығымен — егістіктерді күту, жемшөп дайындау, мал бағу жұмыстарымен танысады. Колхоздарға практикалық көмек көрсетеді. 550 оқушы «ССРО-ның жас турисі» значегіне норма тапсыру үшін көңілді саяхаттарға шығады.

Орта мектептердің мыңнан аса оқушылары емтихан аяқталғаннан кейін туысқан республикаларға сапар шегеді. Олар Москва, Ленинград, Фрунзе, Симферополь және басқа қалаларға барады. Көптеген оқушылар Қазақстанның тың және тыңайған жерлерін игеріп жатқан аудандарына жорыққа шығады.

Г. ШАПОВАЛОВ.

33. Қарағанды медицина институтының алғашқы түлектері (Первые выпускники Карагандинского медицинского института), 26 июня

ПЕРИОДИКА

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстанның Коммунистік партиясы

# СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің газеті

№ 150 (9732) | ЖЕКСЕНБІ, 26 ИЮНЬ 1955 жыл. | Бағасы 20 тиын. Шыға бастағанына 34 жыл.

## Қарағанды медицина институтының алғашқы түлектері

Коммунистік партия мен Совет үкметі елімізде ғылым мен мәдениеттің дамуына күнделікті көңіл бөліп, қамқорлық жасап отырады. Бір ғана осы салаға арналып жылына миллиондаған сом қаржы жұмсалады, жаңа оқу орындары ашылады, бұларда мыңдаған жас жігіттер мен қыздар оқып, маркстік-лениндік білім алады. Соның бірі — Қарағанды медицина институты. Институт 1950 жылы Қазан қаласындағы стоматология институтының негізінде ұйымдастырылған еді.

Сонан бері небәрі бес жылдай ғана уақыт өтті. Қысқа мерзім ішінде оның оқу-материалдық базасы едәуір нығайды, әртүрлі практикалық жұмыстар жүргізуге аса қолайлы көптеген лабораториялар мен кабинеттер ұйымдастырылып, олар жаңа үлгідегі көрнекі құрал, приборлармен молынан жабдықтала түсті. Адам өмірінің болашақ сақшылары — жүздеген студенттер кітаптан алған теориялық білімдерін осы лабораториялар мен кабинеттердегі көрнекі құралдардың көмегімен тыянақтап, ныктай түседі. Қазір институтта 33 кафедра жұмыс істейді. Келесі оқу жылында мұндағы студенттердің саны 1800-ге жетпек, ал оның жанынан тағы да кешкі институт ашылмақ.

Міне жоғары оқу орны студенттерінің, профессор-оқытушылар құрамының көптен күткен сағаты да соқты. Республикамыздың бірсыпыра өнеркәсіп орындары мен колхозды ауылдарындағы, әсіресе жаңа совхоздардағы дәрігерлік пункттерге ол өзінің алғашқы түлектерін — 94 түлегін аттандырулы. Бітіргендердің ішінде көп жыл бойы институт кәсіподақ комитетінің председателі болған Юра Ямсков, комсомол ұйымының секретары Төрегелді Шорманов пен курс старостасы Саша Петров, студенттер ғылми қоғамының председателі Толя Захаров және Соня Салахова, Роза Мақазанова, Валя Дорофеева сияқты оқу озаттары, институт өмірінде болып жататын әралуан қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқан коллектившіл жастар бар.

Бұл күндері институт бітірген жас дәрігерлерге дипломмен бірге болашақта жұмыс істейтін МТС-і, колхозы, совхозы, поселкесі көрсетілген жолдама қоса тапсырылуда. Диплом мен жолдама берер алдында комиссия мүшелерінің:

— Жұмысқа қайда барғыңыз келеді?— деген сұрағына, олар бірден:

— Партия қайда жіберсе, сонда барамыз! — деп жауап береді.

Халық игілігіне, ел мүддесіне сай еңбек етіңдер, жас достар!

**доцент П. ПОСПЕЛОВ,**
**Қарағанды медицина институтының директоры.**

34. Балалар магазині (Детский магазин), 6 июля



Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстанның Коммунистік партиясы

# СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің газеті

№ 158 (9740) | СӘРСЕНБІ, 6 ИЮЛЬ 1955 жыл. | Бағасы 20 тиын. Шыға бастағанына 34 жыл.



## Балалар магазині

ҚЫЗЫЛОРДА. (Өз тілшімізден). Мұнда балалар магазині ашылды. Магазинде балалардың тігулі киімдері, аяқкиімдері, алуан түрлі ойыншықтар сатылады.

Алғашқы бір аптада жеті мыңнан аса адам балалар бұйымдарын сатып алды. Сатушы Ни жолдас тұтынушылардың тілегіне сай жұмыс істеуде.

35. Пионерлер сарайы (Дворец пионеров), 6 июля

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстанның Коммунистік партиясы

# СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің газеті

№ 158 (9740) | СӘРСЕНБІ, 6 ИЮЛЬ 1955 жыл. | Бағасы 20 тиын. Шыға бастағанына 34 жыл.



Қарағандының Пархоменко атындағы заводының медициналық пунктінде физиотерапевтік кабинет ашылды. Ол ең жаңа жабдықтармен қамтамасыз етілген. **Суретте:** физиотерапевтік кабинетте ауруларды емдеу.

Суретті түсірген **П. Федоров.** (ҚазТАГ).

## Пионерлер сарайы

Астананың Карл Маркс және Комсомол көшелерінің бұрышындағы екі қатарлы үй маңдайшасына «Қош келдіңіздер» деп жазылған сөздер айрықша көзге түседі. Бұл — қаладағы пионерлер сарайы. Оған кіргенде өнердің әр саласымен шұғылданып, жұмыс істеп жатқан балаларды көресіз.

Пионерлер сарайы — кала оқушыларының сүйікті орны. Мұнан ертелі-кеш балалар үзілмейді. Олар сарайда өздерінің білімін арттырады, өнерге жаттығады.

Пионерлер сарайында тұрақты 25 үйірме бар. Оның ішінде драма, ән-күй, музыка, домбыра үйірмелері, радио, авиамодель, фото, кесте тігу үйірмелері және басқалары бар. Үйірмелерді мамандар басқарады.

Жақында жаттығу аэродромында оқушы авиамодельшілердің қалалық жарысы болып өтті. Жарысқа пионерлер сарайының 40 авиамодельшісі қатысып, алдыңғы қатардан орын алды. Әсересе, оқушы Хиннің моделі ерекше көзге түсті. Сол сияқты оқушы Жылқышиннің моделі де жақсы баға алды.

Пионерлер сарайына келетін 300-ге жуық оқушы туған өлкені зерттеу саяхатына шығып қайтты. Олар Приют бұлағына, жаттығу аэродромына, Байсеркеге, су электр станциясына барды. Пионерлер лагерлерінде төрт рет концерт көрсетті. Дзержинский атындағы паркте оқушыларға «Көгілдір гүл» атты спектакль, пионерлер үйінде «Аист» балетін көрсетті.

Бес жыл бойына пионерлер сарайында үзбей қатысқан, үстіміздегі жылы онжылдықты бітірген оқушыларға арнап қоштасу кешін өткізу үшін кәзір сарай өнерпаздары қызу дайындалуда. Жақында жоғары класс оқушыларының клубы ұйымдастырылады. Клубтың басқармасы сайланып, олар жоспарлы түрде лекция-әңгіме өткізіп тұрады.

Қалада июль айында оқушылардың бейнелеу искусствосының көрмесі, «Пионерлер жазы» деген тақырыпта фотомен әуестенушілердің конкурсы өткізіледі. Бастауыш мектептердің оқушылары үшін қуыршақ пен ойыншық мейрамын өткізуге әзірлік жүргізілуде.

Пионерлер сарайының волейболшылар командасы пионер лагерінің демалушыларымен жолдастық кездесуге барады. Сонымен қатар оқушылар өздерінің каникулында Алматы облысының колхоздары мен мал жайылым участоктеріне барып, концерт көрсетіп қайтуға уйғарды.

36. Пионер лагері ашылды (Открылся пионерский лагерь), 9 июля


Қазақстанның Коммунистік партиясы

# СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің газеті

№ 161 (9743) | СЕНБІ, 9 ИЮЛЬ 1955 жыл. | Бағасы 20 тиын. Шыға бастағанына 34 жыл.


## БҮГІНГІ ГАЗЕТТЕРДЕ:


**«СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН»**

Советтік Қазақстанда (1 бет).

ОЗАТ ТӘЖРИБЕНІ БҰҚАРА ИГІЛІГІНЕ АЙНАЛДЫРАЙЫҚ: Ғ. Жағалтаев. — Сапалы агломератты мол алудың жолдары (1 бет).

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ОНАН ӘРІ ӨРКЕНДЕТУ ЖОЛЫНДАҒЫ СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫС. А. Алпысбаев. — Аудан еңбекшілерінің абройлы міндеті (2 бет).

А. Шаев. — Кемшіліктер кезінде түзетілуге тиіс (2 бет).

Соңғы почтадан (2 бет).

БІРІНШІ ОРЫС РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ 50 ЖЫЛДЫҒЫ: А. Тимофеевский. — Буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуының лениндік теориясы (2,3 беттер).

А. Теміржанов, — Өмірден артта қалған институт (3 бет).

М. Бекмұхаметов, — Тыңдағы мектептерде (3 бет).

Республика және шетел хабарлары (3,4 беттер).

**«КАЗАХСТАНСКАЯ ПРАВДА»**

БАСМАҚАЛА: Құрылыс жұмыстары тез, үнемшілдікпен жүргізілсін.

РЕСПУБЛИКА КОМБАЙНШЫЛАРЫНЫҢ СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫСЫ.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ: В. Фадеев. жанасемей аудандық партия комитеті тіркеумен отыр...

С. Гельфанд. — Бүкіл коллективтің абройлы ісі.

А. Кондратский. — Екібастұз көмірі жеңелтілуде.

Н. Пичугин. — Елеусіз жерде.

Б Вайнштейн. — Егісті ауыл шаруашылығының зиянды жәндіктерінен қорғайық.

Ш. Шағыров. — Дәрілік көкнар егісінен мол өнім алайық.

Я. Кронрод. — Капитализмнің қайшылықтары тереңдеп, шиеленісе түсуде.

Шетел хабарлары.


...ЫЛДЫ

...а таяу жер-... Мұнда завод ...лерінің жүз-... Лагерьдің ма-... тай жабдық-талған, алғашқы күндердің өзінен-ақ жас ұрпақты қоғамдық еңбекке баулыйтын, денесін шынықтыратын жалпы үйірмелер жұмыс істей бастады.

Балалар лагерьде болатын уақыттарының ішінде Молотов атындағы ауылшаруашылық артеліне, сыйыр фермасына, көрші жерге орналасқан темір жол және қалалық пионер лагеріне экскурсия жасайды. Жуырда аға пионер вожатыйы Е. Мажитова пионерлерге М. Горькийдің, Жамбылдың шығармаларынан үзінділер оқып берді. А. Фадеевтің «Жас гвардия» романы бойынша, Совет Одағының Батырлары С. Луганскийдің, Т. Бигельдиновтің ерліктері жайында қызықты әңгімелер айтты.

**С. ТҰРСЫНОВ.**

37. Мектептерді жаңа оқу жылына үлгілі әзірлейік (Образцово подготовим школы к новому учебному году), 12 июля

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!
Қазақстанның Коммунистік партиясы

СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің газеті

№ 163 (9745) | СЕЙСЕНБІ, 12 ИЮЛЬ 1955 жыл. | Бағасы 20 тиын. Шыға бастағанына 34 жыл.



# МЕКТЕПТЕРДІ ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ҮЛГІЛІ ӘЗІРЛЕЙІК

## Мүмкіншіліктер толық пайдаланылсын

28 гвардияшы атындағыауданның басқа колхоздары сияқты Ворошилов атындағы ауылшаруашылық артелі де — көп салалы шаруашылықтардың бірі. Оның кең көлемді аймағында мыңдаған гектар егін жайқалады, алыстағы жайылымдарында қора-қора қой, табын-табын жылқы және сиыр бағылады. Бұрынғы «Көксай», «Он жас», «Бірлік» колхоздарынан іріленгеннен кейін артельдің жылдық табысы 1,5 миллион сомнан асып кетті.

Осыған қарай халықтың материалдық ал-ауқаты да жақсарып келеді. Кәзір колхоз орталығы — Аралтөбе селосында 300-ден астам үй бар. Бұл үйлердің бәрінде күн тәулігінің ертеңінде де, кешінде де радио сөйлеп тұрады, әрбір үй Ильич шамының нұрына бөленген. Жақсы жабдықталған клуб та, әдебиет қоры 7 мың дана кітаптан асатын кітапхана да, дәрігерлік пункт пен мектеп те халық игілігіне қызмет етеді.

Бұл күндері колхоз мектебіне өте күрделі, әрі жауапты міндет—жас ұрпақты мектеп қабырғасының өзінде-ақ практикалық істерге төселдіріп шығару міндеті жүктеліп отыр. Біздер, мектеп мұғалімдері, өзіміздің күнделікті оқыту-тәрбиелеу жұмыстарымызда осы мәселеге тиянақты көңіл бөліп отырамыз. Мектеп мастерской-ындағы 5 мың сомның механика, электр салалары бойынша алынған көрнекі құралдары, физика, химия кабинеттері мен оқу-тәжрибе участогі, әдебиет қорында бес мың дана кітабы бар кітапхана —бәрі де осы міндетті орындауға жұмылған.

Бірақ мына бір жағдайды айтпай кетуге болмайды. Колхоздағы жетіжылдық мектеп еңбекшілердің бүгінгі өсіп отырған талабын қанағаттандыра алмай отыр. Мектепті бітірген көптеген балалар тек жеті кластық қана білім алып, оқуды онан әрі созу мүмкіндігінен айрылуда. Алайда бұлардың орта білім алуымен санасып жүрген ешкімді көрмейсіз. Мысалы, өткен оқу жылында мектепті 24 шәкірт бітірген еді, соның 22-сі кәзір бос жүр. Ал биыл бітірген 28 оқушының да жаңа оқу жылында қайда, қалай оқыры белгісіз. Жетіжылдықты бітірген бірқатар балалар өздері тұрған колхоздан шалғай жатқан орта мектепте оқиды, бірақ жағдай жасалмағандықтан олардың басым көпшілігі оқуды тастап кетіп жүр.

Міне осы жағдайдың бәрі Ворошилов атындағы колхоздың жетіжылдық мектебін орта мектепке айналдыруды керек етеді. Бұл жөнінде көп жылдан бері мәселе де көтеріліп келеді, жергілікті ұйымдар мен облыстық партия, совет орындары да жақсы біледі. Еңбекшілер колхоздың есеп беру-сайлау жиналысында да айтты. Колхозшылар класс бөлмелерін көбейту үшін, алыс бригадалардан келетін балалар тұрып оқитын интернат үйін салу үшін өз еңбектерінен жүз мың сом қаржы да жинап берді. Бір сөзбен айтқанда, мүмкіндік толығынан жеткілікті. Амал не, осы мүмкіндік ойдағыдай пайдаланылмай қалып келеді.

Бізбен көрші панфиловшылардың балаларды оқыту, тәрбиелеу жұмысына аталық қамқорлық көрсету жөніндегі бастамасы— игілікті бастама. Осы бастамаға лайықты үн қосып отырған Ворошилов атындағы колхоз мүшелерінің талап-тілегі аяқсыз қалмасын, жаңа оқу жылына дейін колхоздан орта мектеп ашылатын болсын, — тілек осы.

**Б. ӘБІЛБЕКОВ,**
**Аралтөбе жетіжылдық мектебінің мұғалімі.**

Талдықорған облысы.

38. Төрт класқа бір бөлме, бір мұғалім (На четыре класса – одна комната, один учитель), 12 июля


Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстанның Коммунистік партиясы

# СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің газеті

№ 163 (9745) | СЕЙСЕНБІ, 12 ИЮЛЬ 1955 жыл. | Бағасы 20 тиын. Шыға бастағанына 34 жыл.


## Төрт класқа бір бөлме, бір мұғалім

Қу ауданының «Екпінді» колхозында
астауыш мектеп жұмыс істейді. Балалар-
ы жас кезінен еңбек сүйгіштікке баулу-
а, олардың өтілген материалды тиянақ-
ы меңгеріп алуын қамтамасыз етуде бас-
ауыш мектептің маңызды роль атқара-
ыны белгілі.

Бірақ, амал не, «Екпінді» колхозының
астауыш мектебіне аудандық оқу бөлімі
ен жергілікті партия, совет ұйымдары
ете көңіл бөлмей келеді. Осының салда-
ынан мұндағы оқушылар жүйелі білім
а алмайды, мектептің 4-класын бітір-
ендер жетіжылдық мектептің 5-класында
пар үлгіретіндіктен оқый алмайды.

Мысалы, 1954—55 оқу жылында мек-
епте небәрі 17 ғана бала оқыды. Сабақ
ылайша жүргізілді. І-ден 4-класқа дейін-
оқушылардың бәрі бір бөлмеде сығылы-
ып отырды да, бұлардың бәріне бір мұ-
алім сабақ берді. Бір мұғалім төрт клас-
а айналасы 45 минуттың ішінде әртүрлі
ақырыпты оқытып, үйретіп жүрді.

— Жағдайдың жоқтығынан оқу прог-
аммасын да дұрыс өте алмаймын, — деп
үрді мұғалім М. Әбдікәрімов жолдас, —
ондағай тығыздықта әсресе бірінші класс
уғ0ларымен жұмыс істеу өте-мөте қы-
ын екен.

Шынында да солай болды. Ән, күй, су-
рет, қол өнері сияқты сабақтар жыл бо-
йына өтілмей қалды. Ал мектептегі жал-
ғыз мұғалімнің бұлардың бәрін бірдей
жүргізуге шамасы жетпеді. Басқа қоғам
жұмыстары да, мектептен тыс жұмыстар
да атаусыз қалды. Ауданның Сарытау,
Жаңажол бастауыш мектептерінде де көп
жылдан бері осындай жағдай орын теуіп
келеді.

Аудандық оқу бөліміне және оның мең-
герушісі Сулейменов жолдасқа мұның өзі
әншейінгі бір үйреншікті нәрсе сияқты.
Бастауыш мектептердің оқу-материалдық
базасын нығайту, оларды мұғалім кадр-
ларымен қамтамасыз ету жөнінде бөлім
самарқау отыр. Жоғарыда аталған мектеп-
тердің күні бүгінге дейін арнаулы үймен
де, кадрмен де қамтамасыз етілмей келе
жатқандығының басты себебі міне, осын-
да.

Бастауыш мектептерді жаңа оқу жы-
лына қазірден бастап тыңғылықты әзірлеу
керек. Колхозшылар балаларын оқуға бер-
генде олардың сапалы, тиянақты білім
алуын ойлайтынын жергілікті ұйымдар
ерте бастан ескеретін болсын.

**М. БІРАХМЕТОВ.**

Қарағанды облысы.

## Мұғалімдер инициативасы

Энгельс атындағы жетіжылдық мектеп-
е (Жалағаш ауданы) соңғы екі жылдың
інде жөндеу жұмыстары айтарлықтай
үргізілмей келген еді. Қыстың аязды
үндері мен көктемнің дымқыл, жаңбыр-
ы мезгілдерінде мектептің бірқатар класс
өлмелерінің іргелері бусанып кететін.
ұның өзі оқу-тәрбие жұмыстарына да,
алалардың денсаулығына да едәуір нұқ-
ан келтіруі ықтимал еді.

Мектептің мұғалімдер коллективі бас-
ауыш комсомол ұйымымен бірлесе оты-
ып, мектеп үшін жаңадан үй салу тура-
ы инициатива көтерді. Игілікті бастама-
ны мектеп дирекциясы қызу қолдап, оны
шәкірттердің ата-аналары арасында кеңі-
нен талқыға салды.

Құрылыс жұмыстары қарқынды жүргі-
зілуде. Қазірдің өзінде мұғалімдер мен
олардың ондаған шәкірттері отыз мың да-
на кірпіш құйып, оны рет-ретімен жыйыс-
тырып қойды. Енді аз күннен кейін жаңа
мектеп үйінің қабырғалары қалана бас-
тайды.

**Е. НҰРМҰРАТОВ,**

**Энгельс атындағы жетіжылдық мектеп-
тің оқу бөлімінің меңгерушісі.**

Қызылорда облысы.

39. Дүниежүзі аналарының үні (Всемирный день матери), 29 июля

Обл. библиотека им. Гоголя ПЕРИОДИКА

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстанның Коммунистік партиясы

# СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің газеті

№ 178 (9760) | ЖҰМА, 29 ИЮЛЬ 1955 жыл. | Бағасы 20 тиын. Шыға бастағанына 34 жыл.

## ДҮНИЕ ЖҮЗІ АНАЛАРЫНЫҢ ҮНІ

*Аналардың Бүкіл дүниежүзілік конгресінің делегаты, Қазақ ССР Әлеуметтік қамсыздандыру министрі Б. БӨЛТІРІКОВА жолдаспен әңгіме*

Үстіміздегі жылғы июль айының 7-інен 10-ына дейін, Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Ассамблеясы жұмысын аяқтағаннан кейін, төрт ұлы держава үкімет басшыларының Женева кеңесі ашылар алдында Швейцарияның Лозанна қаласында бүкіл ...

... маниядан — 150-ден астам, Италиядан — 64, Индиядан — 45 делегат келді.

**Тілші.** Келген делегация мүшелерінің құрамы қандай екен?

**Жауап.** Конгреске діні, нәсілі, сенімі, елі, саяси көзқарасы, атқаратын қызметі мен кәсіптері әртүрлі әйелдер жиналды. ...



Аналардың Бүкіл дүниежүзілік конгресінің мәжіліс залында. **Суретте:** Совет әйелдері делегациясының бір тобы (солдан оңға қарай): Әзербайжан кәсіпшілер одағы Советінің председателі **Таира Таирова**, Қазақ ССР Әлеуметтік қамсыздандыру министрі **Балжан Бөлтірікова**, «Советская женщина» журналының бас редакторы **Мария Дмитриевна Овсянникова** жолдастар шешендердің сөзін тыңдап отыр. Ал бұлардың алдында стол үстінде Индия әйелдері делегациясының құс жүні мен қауырсынынан жасап берген сыйы жатыр.

... жоқшылықтың құрбандығына ұшырағаның, қаншама семья ошақтарының қаңырап, күл болғанын, қаншама қалалар мен селолардың қирап, бүлінгенін, қаншама ...

... да сөйледі. Шығып сөйлеушілердің ішінде Қытай Халықтық Республикасының Денсаулық сақтау министрі Ли Дэ-цюань, Корея әйелдері одағының председателі Пак Ден Ай, ғылым докторы, Швеция ...

40. Әйелдердің еңбек және тұрмыс жағдайларын онан әрі жақсарта түсу туралы
(О дальнейшем улучшении условий труда и жизни женщин), 22 октября

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!
Қазақстанның Коммунистік партиясы

СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің органы

№ 251 (9833) | СЕНБІ, 22 ОКТЯБРЬ 1955 жыл. | Бағасы 20 тиын. Шыға бастағанына 34 жыл.

*КБОС президиумында*

## Әйелдердің еңбек және тұрмыс жағдайларын онан әрі жақсарта түсу туралы

КБОС президиумы кәсіподақ ұйымдарының әйелдердің еңбегі мен тұрмыс жағдайларын онан әрі жақсарту жөніндегі жұмысы туралы қаулы алды.

Қаулыда былай деп атап көрсетілді: әйелдердің еңбек жағдайы және оларды мәдени-тұрмыс жағынан қамту үздіксіз жақсарып келеді. Ана-әйелге ерекше қамқорлық жасалуда. Әйелдер босанатын үйлердің, балалар мен әйелдер консультацияларының, балалар бақшалары мен яслилерінің кең жүйесі құрылды.

Алайда, аналар мен балаларды қорғау және өндірісте жұмыс істейтін әйелдерді мәдени-тұрмыс жағынан қамту ісінде елеулі кемшіліктер бар. Жеке кәсіпорындарда әйелдердің еңбегін қорғау туралы зандарды бұзу, аналардың шағымдары мен мұқтаждарына шаруашылық және кәсіподақ ұйымдары тарапынан тыңғылықты қарамау фактілері орын алып келеді.

КБОС президиумы кәсіподақтардың орталық комитеттеріне, республикалық және облыстық советтеріне әйелдердің еңбегі туралы қолданылып отырған зандардың сақталуына ең қатаң бақылау қоюды тапсырды. Әйелдердің еңбегі мен тұрмыс жағдайларын онан әрі жақсартуға бағытталған нақты шаралар белгіленді. (ТАСС).

41. Батыс Қазақстан облысы (Западно-Казахстанская область), 22 октября

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстанның Коммунистік партиясы

# СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің органы

№ 251 (9833) | СЕНБІ, 22 ОКТЯБРЬ 1955 жыл. | Бағасы 20 тиын. Шыға бастағанына 34 жыл.



Батыс Қазақстан облысы. Зеленов ауданындағы Серебряков сельпосының көшпелі автодүкені мал жайылымына жиі барып тұрады. **Суретте:** аға шопан **Н. Битеев** және оның әйелі **Ағипа** автодүкеннен «Родина» радиоқабылдағышын алып тұрған кезі.

42. Бүкіл еліміздегі сияқты (Как и во всей стране), 6 ноября



Қазақстанның Коммунистік партиясы

# СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің органы

№ 264 (9846) | ЖЕКСЕНБІ, 6 НОЯБРЬ 1955 жыл. | Бағасы 20 тиын. Шыға бастағанына 34 жыл.



Бүкіл еліміздегі сыяқты Қалинин атындағы колхозда да (Алматы облысы) сан түрлі ұлттың адамдары: қазақтар, орыстар, ұйғырлар, украиндар, белорустар, чечендер және басқалары туысқан бір семьяда, зор ынтымақпен еңбек етуде. Суретте: колхозшылар жұмыстан қолдары бос уақытта Отанымыздың астанасы Москвадан хабар тыңдауды, граммофон пластинкаларын ойнатуды, газет, журнал оқуды дағдыға айналдырған (Солдан оңға қарай) **Н. Елибақиева, П. Сысоев, С. Есбатыров, Қ. Елибақиев, А. Сысоева, Л. Абдрахманов, Ж. Есбатырова, А. Жанбакиев, Нуза және Ахмет Байтоқаевтар.**

Суретті түсірген **Я. Турин.**

43. Туысқандық семьяда (В родственной семье), 4 декабря

Қазақстанның Коммунистік партиясы
СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН
Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің органы
№ 286 (9868) | ЖЕКСЕНБІ, 4 ДЕКАБРЬ 1955 жыл. | Шыға бастағанына 34 жыл. Бағасы 20 тиын.

# Туысқандық семьяда

Біздің колхозымыз көп ұлттың адамдарынан құралған. Орыс, қазақ, украин, татар, белорус, корей, неміс, мордва және басқа да халықтардың өкілдерін көруге болады. Олардың бәрін достық, туысқандық идеясы біріктіріп отыр.

Бауырлас көрші елдердің
Қатарына қосылып,
Өмірдің астық шыңына,
Шырқа ақындар көтере,
Шығара таудың қырына!
...Өлеңменен айтып бер,
Ұлты басқа, тілек бір,
Елдер тізе қосқанын. — деп заманымыздың ұлы жыршысы Жамбыл қандай тамаша айтқан!

Біздің колхоздың мүшелері бірнеше ұлттан құралып отырса да, олардың көздеген мақсаты, тілегі, ниеті бір. Ол — коммунистік қоғам орнату.

Халықтар арасындағы достық идеясымен рухтанған колхозшыларымыз тың жерлерді игеруде, колхоз байлығын арттыруда бірқатар табысқа жетті. Олар барлығы бір адамдай қимылдап, ауыл шаруашылығын өркендету жолында еңбек етуде. Соның арқасында колхозымыз соңғы жылдары миллиондаған сом кіріс кіргізіп, миллионер колхоз деген атақ алып отыр.

Үстіміздегі жылы ауа райының жайсыз болғанына қарамастан, егін бітік өсірілді. Астық тапсыру жөнінде облыс көлемінде бірінші болып мемлекетпен есеп айырыстық. Сөйтіп жоспар бойынша мемлекетке 48 мың пұт астық тапсырып, одан тыс 9 мың пұт астық саттық.

Колхоз алдағы жылы 7 мың гектар жерге егін екпекші. Егіннен мол өнім алудың бірден-бір кепілі — келесі жылдың көктеміне осы бастан дайындалып, егістік жердің топырағын ұқыпты баптау. Артель мүшелері осыны мықтап еске ала отырып, егістік жерлерді толық әзірлеп, жыртып қойды. Зябь жыртуда тракторист Кузьменко мен Корш жолдастар айтарлықтай еңбек етті.

Астық тұқымнан өнеді. Колхоз бұл жағдайды да ескермей отырған жоқ. Кәзір келесі жылы егілетін дәнді егістің тұқымын толық құйып, тазалап алдық.

Колхозымыздың негізгі саласының бірі — мал шаруашылығы. Бұл салада да колхоз едәуір табыстарға ие болып, мал шаруашылығы өнімдерін дайындаудың жоспарлы тапсырмасының бірсыпырасын артығымен орындады.

Біз быйыл жоспар бойынша мемлекетке 149569 литр сүт тапсырмақшы едік, ол міндеттемені сентябрь айының алғашқы күндерінде-ақ орындап, жоспардан тыс елу мың литр сүт саттық. Мемлекетке сүт тапсыру жоспарын асыра орындауда колхоз сауыншылары тамаша еңбек сіңірді. Оның ішінде Зубанкова, Граф жолдастар әрбір сыйырдан жоспардан тыс бес—алты жүз литрден сүт сауды.

Ет тапсыру жоспары да мерзімінен бұрын орындалды. Мемлекетке жоспардан тыс тоғыз жүз пұт ет сатылды. Қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде шопан Зағидуллин мен Жолдыбаев, бұзау күтуші Агапеева және Мешалкина, бақташы Тоқтаров жолдастардың еңбектері айтарлықтай. Оларға қосымша еңбекақы ретінде жыл сайын мал беріледі. Быйылдың өзінде ғана олар 5 торай, 5 тоқты алды. Бұзау күтуші Агапеева өткен жылы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысып, көрме комитетінен сыйлыққа тігін машина алған.

Артель шаруашылығының салалары жылдан жылға көбеюде. Быйыл колхозымызда жаңадан теплица салынды. Онда овощ өсіріліп, август айында алғаш рет сатылды. Артель одан 50 мың сом кіріс кіргізді. Кәзір теплицада овощ екінші рет өсіріліп, таяудағы күндерде Петропавлда тұратын қала еңбекшілерін жас овощтармен қамтамасыз етпекпіз.

Артеліміздің байлығы күн санап артып келеді. Колхозда жеті автомашина, электр станциясы, диірмен, 3 автогараж, пилорама бар. Электр станциясы барлық колхозшылардың үйлеріне, мектепке, балалар бақшасына, медпунктке, колхоз кеңсесіне, мал базаларына, колхоз диірменіне, қызыл бұрышқа, оқу үйлеріне жарық берді.

Біздің көп ұлтты колхозымыздың колхозшылары бүкіл совет халықтары сияқты туысқан Коммунистік партия мен өзінің туысқан үкіметінің маңына тығыз топтасып, СССР Конституциясы туы астында, достық семьяда коммунизмнің нұр сәулелі шыңына қарай берік сеніммен алға баса береді.

**Е. БАУҚЕНОВ,**
**Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл ауданы, «Луч Ленина» колхозының председателі.**

44. Бақытты семья (Счастливая семья), 21 декабря

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!
Қазақстанның Коммунистік партиясы

# СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің органы

№ 299 (9881) | СӘРСЕНБІ, 21 ДЕКАБРЬ 1955 жыл. | Шыға бастағанына 35 жыл. Бағасы 20 тиын.

## Бақытты семья

Георгиев ауданындағы (Оңтүстік Қазақстан облысы) Момынай жетіжылдық мектебінің мұғалімі Нуриддин Галимов жолдас 38 жыл бойы жас ұландарды оқытып, тәрбиелеуде. Оның халық ағарту ісіндегі адал еңбегі жоғары бағаланды. Галимов жолдас ең жоғары награда Ленин орденімен және Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды.

Қарт мұғалімнің семьясында 5 қыз, 2 ұл тәрбиеленіп өсті. Олардың екеуі — Мәдина мен Раиса Ленгір қаласындағы қазақ орта мектебінде мұғалима, ал Шолпан Момынай жетіжылдық мектебінде директор. Өз міндеттерін мұқият атқарып жүрген Самиға мен Лалига да мұғалима болып істейді. Қарт мұғалімнің үлкен ұлы бір МТС-те бас агроном, ал кіші баласы Рауил Ташкенттегі кен-металлургия институтының студенті. Георгиевтіктер бұларды бақытты семья деседі.

**Ә. СЕЙДУАЛҰЛЫ.**

45. Қысқы каникул күндерінде (В дни зимних каникул), 1 января


...Коммунистік партиясы

СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің газеті

№ 1 (9583) | СЕНБІ, 1 ЯНВАРЬ 1955 жыл. | Шыға бастағанына 34 жыл. Бағасы 20 тиын


# Қысқы каникул күндерінде

Міне, жаңа жыл елкасы. Бір-бірімен қол ұстаса елка ағашын шыр айнала ән салып, би билеп жүрген бақытты елдің балғын ұрпақтары. Бұлар үстіміздегі оқу жылының бірінші жартысын табысты аяқтады, бүкіл класс болып 1954 жылды тамаша түрде қорытындылады. Алматы қалалық пионерлер Сарайының коллективі де демалуға, түрлі ойындар көруге, өз өнерлерін көрсетуге келген өзінің жас ұландарын жылы мейірбандықпен қарсы алды, қысқы каникулдың алғашқы күндерінде оларға жаңа жылдық елка ұйымдастырды.

Мектеп оқушыларының қысқы каникулы барлық жерде осындай жаңа жылдық елкамен басталды. Ертең, онан арғы күндері оқушылар өнеркәсіп орындары мен МТС-терге экскурсия жасайды, аяқтарына коньки байлап, мұз айдынының бетін сырғанайды, тауға шығып шаңғы тебе... кино-театрлардан қызықты фильмдер к... реді.

Каникул күндерінде қала мектептерін... пионерлері Алматының ауыр машинал... заводында, көркем сурет галереясын... зоопаркке, музейге, аэродромға экскурс... жасайды, астана түбіндегі Сталин атынд... ғы және басқа колхоздарға шаңғымен ж... рық жасайды, «Медеу» демалыс үйіне б... рады. Пионерлер Сарайында балаларға а... налып елуге тарта әртүрлі шаралар жүз... ге асырылады. Астанадағы театрлар м... кино-театрлардың есігі жас ұрпақтар... кеңінен ашық болады.

Редактордың орынбасары
Б. МАЗИТОВ.

46. Мектеп пен семьяның байланысын нығайта берейік (Укрепим связь школы и семьи), 5 января

СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің газеті

№ 3 (9585) | СӘРСЕНБІ, 5 ЯНВАРЬ 1955 жыл. | Шыға бастағанына 34 жыл. Бағасы 20 тиын

# Мектеп пен семьяның байланысын нығайта берейік

Социалистік Отанымызда қоғамның жас мүшелері Коммунистік партияның әкелік қамқорлығына бөленген. Партия мен үкмет жас ұрпаққа коммунистік тәрбие беру ісін мемлекеттік маңызы бар іс деп қарайды және бұл мәселені шешуде совет мектебі мен семьяның алдына зор міндеттер қояды. Мектептің де, семьяның да алдындағы міндет — ой өрісі кең, білімді, жоғары мәдениетті адамдар тәрбиелеу. Бұл жауапты, әрі абройлы міндетті орындау мектептің де, семьяның да жауапкершілігін арттыра түседі.

Советтің тамаша педагогі А. С. Макаренко баланы тәрбиелеудегі семьяның ролі мен жауапкершілігін атап көрсеткен еді. Оның айтуынша, ата-ананың баланы тәрбиелеуі дегеніміз — біздің еліміздің болашағын тәрбиелеу деген сөз; жақсы берілген тәрбие—біздің бақытымыз, ал жаман берілген тәрбие—келешек қайғы, көз жасымыз деген сөз. Сондықтан мектептің, оның мұғалімдерінің алдында тұрған бірінші міндет — ата-аналарға игілігі мол міндеттерді жете түсіндіру, сөйтіп олардың өз балаларын тәрбиелеуіне ойдағыдай көмектесу.

Расын айту керек, өткен оқу жылында біздің ата-аналармен жұмысымызда елеулі кемшіліктер болды. Бұл кемшіліктер ата-аналар комитетінің жанына топталған ата-аналар активінің аз болуынан, кейбір класс жетекшілерінің оқушылар үйімен байланысының мүлде нашарлығынан туған еді. Мұның өзі сайып келгенде, оқу-тәрбие жұмысына да нұқсан келтірмей қойған жоқ. Осы кемшіліктерді мектепте үстіміздегі оқу жылының басында болған педагогикалық советте кеңінен талқылап, нақты шаралар белгіледік.

Ата-аналар арасындағы жұмыстың нәтижелі болуы үшін біз оқу-тәрбие жұмысының «Ата-аналар арасындағы жұмыс» деген тарауын үш жүйеге бөлдік. Бірінші жүйеге жататыны—ата-аналармен мектеп көлемінде істелетін жұмыстар. Бұған біз педагогика білімін насихаттау жөніндегі шараларды (лекция, баяндама, сауық кештерін), жалпыға бірдей оқу заңын орындаудағы жұмыстарды жатқыздық. Белгіленген жоспар бойынша бірінші тоқсанның ішінде ата-аналарға «Балаларға коммунистік тәрбие берудегі ата-аналардың негізгі міндеттері» деген лекция оқылып, «жалпыға бірдей оқу заңын орындаудың маңызы» деген баяндама жасалды, концерт берілді.

Бұл уақыттың ішінде класс жетекшілерінің (бұл екінші жүйеге жатады) әрқайсысы өз кластарында оқушылардың ата-аналарымен жұмыс жүргізді. Мысалы олар өз класс оқушыларының сабаққа үлгіруінің айлық қорытындыларын, ұйымшылдығын, тәртібін ата-аналарына уақтылы жеткізіп отырды. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай балаларды семьяда еңбекке, тәртіптілік пен инабаттылыққа тәрбиелеу мәселелері жөнінен кеңестер берді. Ата-аналармен класс көлеміндегі жұмысты ойдағыдай жүргізіп келе жатқан 4-класс мұғалимасы Р. Азаматованың жұмысы басқа мұғалімдерге үлгі боларлық.

Үшінші жүйе— кейбір оқушылардың ата-аналарымен жүргізілетін жеке жұмыстар. Бұл жерде мына жағдайды еске ала кету керек: Мектепте бірен-саран «қисық», «тентек», «басбұзар» деп аталатын оқушылар кездесуі мүмкін. Мектепте мұндай оқушылардың «пайда болуы» әдетте ата-ананың баланы ойдағыдай тәрбиелемейтіндігінен, мектептің ата-анамен байланысының нашарлығынан болатыны байқалады. Мысалы, өткен оқу жылында Н. деген оқушы біраз мұғалімдердің топшылауынша «түзелмес бұзық» деп есептелді. Тіпті күн тәртібіне оны мектептен шығару мәселесі де қойылып жүрді. Тексере келгенде бұл кластың класс жетекшісінің оқушының ата-анасымен дұрыс байланысының жоқ екені анықталды. Оқушының ата-анасы да баланың оқуы мен тәртібін бақылауға, оның тәрбиесін ұйымдастыруға «жұмыс басты болып» қолдары тимеген. Сол себепті оқушы шылым тартуға әуестеніп, сабақта тәртіп бұзуға салынып алған. Тек ата-анасын тәрбие жұмысына араластырып, мектеп пен семья арасында тығыз байланыс жасалғаннан кейін әлгі айтылған оқушының тәртібіне өзгеріс енді.

Бұл бір ғана факті емес. Мұндай фактілерді көптеп келтіруге болады. Мұғалімдер үшін де, класс жетекшілері үшін де мектеп өмірінде кездесе беретін осындай жағдайлардан мынадай қорытынды шығады: оқу жылының басында-ақ әрбір класс жетекшісі қабылдаған класының ерекшеліктерін зерттеп, білуі, оқушының семья жағдайымен танысуы шарт. Осыдан соң әр семьяның ерекшеліктеріне қарай жеке-леген жұмыстар жүргізіледі. Жұмыстың бұл түрін 7 «б» класының жетекшісі Е. Дәрібаев жолдас ұқыпты жүргізеді. Оның апталық жоспарында әрбір ата-анамен жүргізілетін жұмыс толық қамтылып, тыянақты орындалады.

Тағы бір ескеретін жағдай алыс аудандарда тұратын ата-аналармен байланыс мәселесі. Мектебіміздегі оқушылардың жартысынан көбі аудандардан келгендер. Егер бұл оқушылардың ата-аналарымен байланыс болмаса, оқу-тәрбие жұмысына елеулі нұқсан келетіні сөзсіз. Сондықтан мүмкіншілігі болғанынша белгілібір аудандарға мұғалімдерімізді жібереміз. Олар сол жерде әр семьяда болып, оқып жүрген балаларының жетістіктері мен кемшіліктерін баяндайды, пікір алысады. Өткен оқу жылының аяғында бір топ мұғалімдеріміз Булаев ауданына барып, осындай игілікті шараларды жүзеге асырып келді. Бұл байланысты нығайта беру үшін хат жазысып тұру да дағдыға айналуда.

Аз да болса істелген осындай жұмыстың нәтижесінде биылғы оқу жылының бірінші жартысы өткен жылғыға қарағанда мектепте едәуір жақсы аяқталды.

Бұдан, әрине, оқу-тәрбие жұмысы ешбір мінсіз жүргізілуде деген қорытынды тумайды. Тәрбие жұмысында әлі де кемшіліктер бар. Коллективіміздің алдындағы міндет — ата-аналармен байланысты бұдан әрі де жақсарта отырып, оқу-тәрбие жұмысының дәрежесін жоғары сатыға көтере беру болып табылады.

**Қ. ҚАЛИЕВ,**
**Петропавл қаласындағы № 5 қазақ орта мектебінің директоры.**
Солтүстік Қазақстан облысы

47. Балалардың техникалық станциясы (Детская техническая станция), 6 января



ЕРИОДИКА

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстанның Коммунистік партиясы

# СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің газеті

№ 4 (9586) | БЕЙСЕНБІ, 6 ЯНВАРЬ 1955 жыл. | Шыға бастағанына 34 жыл. Бағасы 20 тиын



## Балалардың техникалық станциясы

Былтыр Көкшетау қаласында балалардың облыстық техникалық станциясы ашылған болатын. Содан бері станцияның материалдық-техникалық базасы біраз нығайды, бірнеше үйірмелер ашылып, бұлардағы мүшелердің саны артты. Қазір қала мектептерінің 70-тен астам оқушысы осы станцияның тұрақты мүшесі.

Алғашқы кезде станцияда авиамодель жасаушылар, автомобильмен әуестенушілер және шебер қолдар үйірмелері жұмыс істеген болса, қазір кеме жасаумен әуестенушілер үйірмесі, фото, кино, радио үйірмелері бар.

Үйірмелердің жұмысы жүйелі жүргізіледі. Мұнда жас жігіттер мен қыздардың қолынан мінсіз жасалып шыққан талай заттардың моделі бар. Самолеттің механикалық двигателі бар фюзеляждық моделі, 1 кластық планердің фюзеляждық моделі және басқа заттар жас әуестенушілердің қолынан жасалған. Осындай өнерлері үшін авиамодель жасаушылар үйірмесінің 32 мүшесіне авиамоделист атағы беріліп, 4 оқушыға қоғамдық нұсқаушы деген билет және значок тапсырылды.

Станция жұмысында кемшіліктер барлығын да айта кеткен орынды. Мысалы, физика, химия, математика, агрохимия үйірмелерін ашу қажет, амал не оның материалдық базасы жоқ. Арнаулы үйінің жоқтығынан станцияның өзі небәрі екі бөлмесі бар қалалық пионерлер үйінде сығылысып отыр. Сондай-ақ құралдар жетіспейді, автомашина жоқ. Бұл жағдай практикалық жұмыстарға елеулі нұқсан келтіруде.

**А. МЕКЕБАЕВ,**
**Көкшетау облыстық техникалық станцияның директоры.**

49. Малшылар қосымша ақы және сыйлық алды (Скотоводы получили доплату и подарки), 22 января


СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің газеті

№ 18 (9600) | СЕНБІ, 22 ЯНВАРЬ 1955 жыл. | Шыға бастағанына 34 жыл. Бағасы 20 тиын


## Малшылар қосымша ақы және сыйлық алды

✪ Жамбыл облысының Қордай ауданындағы «Колос» колхозы № 1 сыйыр фермасының сауыншылары мен малшылары сыйырдың сүттілігін арттыра беру жолында қажырлы еңбек етіп келеді. Өткен жылы фермада сүт сауу жоспары 120 процент орындалды. Бұл үшін колхоз басқармасы ферма қызметкерлеріне қосымша ақы үшін 64 қой берді. Сауыншылардың алды 9—10 қойдан қосымша ақы алды. Осындай қамқорлықпен жігерленген ферма қызметкерлері жаңа табыстарға жету жөнінде көтеріңкі міндеттемелер алып, колхоздағы № 2 ферманың коллективін социалистік жарысқа шақырды. Осы облыстағы Жуалы ауданының Карл Маркс атындағы колхозының бірнеше озат малшылары да қосымша ақыға мал және ақшалай сыйлықтар алды.

✪ Гурьев облысы, Маңғыстау ауданындағы «Жаңа адым» колхозының малшылары қой өсіру жоспарын 108 процент етіп асыра орындады. Қой фермасының озат шопаны Оспан Шамығұлов жолдасқа жүз саулықтан 120 қозы өсіргені үшін 44 тоқты қосымша ақыға берілді. Ауданның басқа колхоздарындағы озат малшылар да көптеген қосымша ақы алды.

✪ Ақтөбе облысының Байғанин ауданындағы «Баршақұм» колхозының малшылары Жанқұлов, Ыбыров, Иманов, Аманбеков жолдастар қосымша ақы үшін 7 құлын, 11 бұзау, 81 тоқты алды. Сол сияқты аудандағы «Қопа» колхозының озат малшыларына да сыйлықтар мен қосымша ақы берілді.

✪ Өмірбеков Жетен жолдас Талдықорған облысындағы Октябрь совхозында ширек ғасыр бойы шопан болып келеді. Совхоз дирекциясы шопанның қажырлы еңбегін жыл сайын жоғары бағалайды. Ол үнемі заттай және ақшалай сыйлықтар алып отырады. Биыл шопан бағуындағы саулықтардың әр жүзінен 125 қозыдан өсіру үшін күресуде.

✪ Көкшетау ауданындағы (Көкшетау облысы) «Северний маяк» колхозының сауыншылары Никитина, Меркер, Лена Федорович жолдастар әр сыйырдан сүт сауу тапсырмасын асыра орындағаны үшін қосымша ақыға бір-бірден мал, көптеген литр сүт алды.

✪ Абылай Тәженов жолдас Сырдария ауданының (Қызылорда облысы) Жамбыл атындағы колхозының озат малшысы болып есептеледі. Ол колхозда 15 жыл мал бағып жүр. Өткен жылы ол бағуындағы саулықтардың әр жүзінен 137 қозыдан алды. Оның отарынан мемлекетке тапсырылған қаракөл елтірісінің 70 проценті бірінші сортпен қабылданды. Бұл үшін шопанға 64 тоқты, 500 сом ақша қосымша ақыға берілді.

Осы облыстың Жалағаш ауданындағы Жамбыл атындағы колхозының жылқышысы Әнуарбек Әбдікеров жолдас алты қасқыр соғып алды. Бұл үшін оған колхоз басқармасы алғыс жариялады және аудандық шикізат дайындау мекемесі арқылы 3 мың сом сыйлық берілді.


РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: ...

50. Сәбилер мен аналарға қамқорлық күшейтілсін (Усилим заботу о младенцах и матерях), 4 марта


# СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің газеті

№ 53 (9635) | ЖҰМА, 4 МАРТ 1955 жыл. | Бағасы 20 тиын. Шыға бастағанына 34 жыл.


# Сәбилер мен аналарға қамқорлық күшейтілсін

Лениногор — Шығыс Қазақстандағы ірі өнеркәсіп орталығы. Халық шаруашылығының негіздерінің негізі болып саналатын ауыр өнеркәсіп орындарында мыңдаған әйелдер жұмыс істейді. Еңбек өнімділігін арттыруда әйелдердің зор күш екені белгілі. Ендеше, жұмыстағы әйелдердің алаңсыз еңбек етуіне жағдай туғызу — олардың балаларының орналасуына, тәрбиесіне қамқорлық жасау деген сөз.

Қалада жыйырмадан астам балалар мекемелері бар. Балалар мекемелерінің үйі, түрлі жабдықтар, тазалық мәселесі педагогикалық талаптарға сай болуға тиіс. Бірақ, Лениногордағы балалар мекемелерінің басым көпшілігі бұл талаптың дәрежесінде емес.

Балалар бақшалары мен яслилерге арналған үйлердің көпшілігі тар және ескі. Алты яслидің екеуі ғана арнаулы жобамен салынған үйлерге, ал қалғандары ескі тұрғын үйлерге орналастырылған.

№ 2 және № 3 балалар яслилерінің үйлерін мысалға алайық. Бұлардың екеуі де ескі, едендері күрделі жөндеуді керек етеді. Жабдықтары да нашар. № 2 балалар яслиіндегі кроватьтар әртүрлі және тозығы жеткен. Қай яслиде немесе қай бақшада болса да әдемі мебель жоқ дерлік, ойыншықтар да жеткіліксіз. № 2 балалар яслиінде балалар ойнайтын бөлмелердің едендеріне төсейтін кілем болмағандықтан ескі одеял жайылып тасталған, өте көріксіз-ақ.

№ 5 балалар яслиінің үйі—арнаулы жобамен салынған екі қабат үй. Оның пайдалануға берілгеніне екі жылдан сәл ғана асты. Ал осы үйдің астыңғы қабатының едендері төмен түсіп кеткен, кәзір қайта жөнделіп жатыр. Қайдан келетіні белгісіз, кейбір бөлмелердің еденінің астына су жыйналады. Сондықтан да тақтайлары шіріген, күлімсі исі шығып тұрады.

Қаладағы он екі балалар бақшасының біреуі ғана қалалық оқу бөлімінің қарауында — мемлекет бюджетінде. Алайда ол кәзір жабылғалы тұр. Өйткені оның үйі кезінде жөнделмей, істен шыққан. Оны жөндеу үшін өткен жылы бөлінген қаржы қалалық оқу бөлімі бастыларының икемсіздігінен пайдаланылмай қалып қойды.

Қалада ведомстволық балалар бақшалары үйлерінің де бірсыпырасы қолайсыз және тар. Балалар бақшаларына қалалық тиісті орындар тарапынан да, ведомстволық мекемелердің тарапынан да бақылау, қамқорлық жоқ дерлік.

Лениногор полиметалл комбинатының қарауындағы № 2 балалар бақшасында кәзір 60 бала бар. Бірақ оларға қажетті жағдай туғызылмаған, балалар бақшасының үйі әрі ескі, әрі тар, оның үстіне, өте нашар жабдықталған. Мұнда бірде-бір оңды орындық, не стол, не диван жоқ. Балалар ағаш кроватьтарда жатады. Төсек-орындары кір, жастықтары нашар.

Лениногор полиметалл комбинаты осы жылдың январында жаңадан салынған бір балалар бақшасы үйін пайдалануға берді. Бұл № 6 балалар бақшасы деп аталады. Бұл үй комбинаттың архитекторы Иванчуктің жобасымен салынған. Оның екі қабатында балаларға арналған 6 бөлме бар. Демек, 100 бала осы бөлмелерге бөлініп жатып, демалуға, сол жатқан бөлмелерінде ойнауға, сонда тамақ ішуге тиіс. Сонда мұның қай жерінде тәртіп, тазалық болмақшы?!

Үйдің архитектурасының нашарлығы сондай, абажадай екі қабат үйде пайдалануға болатын орындар мен пайдалануға қолайсыз бос орындар көлемі бірдей дерлік. Керек десе, балалардың киімдері тұратын шкафтар қоярлық та ыңғайлы орын жоқ. Есіктен кіріп келгеніңізде үйдің жоғары қабатына шығатын, талай шаршы метр жерді алып тұрған ұсқынсыз басбалдақты көресіз. Оның бірінші басқышы сыртқы есіктің табалдырығына аз-ақ тірелмейді.

Егер комбинат директоры Малкин мен қалалық партия комитетінің секретары Ефимов жолдастар балалар мекемелері үшін салынып жатқан үйлердің құрылыстарымен шұғылданып, алдын ала оны көрген болса, мұндай қолайсыз үйлерді салуға, үкмет қаржысын босқа ысрап етуге жол бермеген болар еді.

Лениногорда балалардың туберкулезін емдейтін облыстық санаторий бар. Оның жұмысына да ешкім көңіл бөлмейтін көрінеді. Сондықтан да оның «санаторий» деген аты болмаса, емдеу орнына ұқсастығы аз, үйдің іші, балалар жататын төсек-орындар таза емес. Әрине, мұны басқалар көрмесе де, санаторийдің бас дәрігері Шепер жолдас күнде көріп отыр. Бірақ ол санаторийде атына сай тәртіп, тазалық болуына көңіл бөлмейді.

Осы санаторий үйінің екінші жартысына балалар яслиі орналастырылған. Бұл да дұрыс емес.

Жас бөбектердің көп уақытын өткізетін, тәрбие алатын мекемелердің бұлай иесіздікке ұшырауы қынжыларлық нәрсе.

Бұл кемшіліктерді тез жойып, сәбилер мен аналарға қамқорлық мықтап күшейтілуге тиіс.

**М. МЕРТЕНОВ.**
**(Өз тілшіміз).**

Лениногор.